

23-кесте. Оқудан шығып кеткен оқушылардың саны

№	Зияткерлік мектеп	Шыққан оқушылардың саны	Шығудың себептері				
			Денсаулығы бойынша	Тұрғылықты жерін ауыстыру	Төлем қабілетсіздігі	Бағдарламаны меңгерудің қиындығы	Колледжге түскендер
			Оқыту				
1	Өскемен қ.	13	2	7	1	3	0
2	Семей қ.	2	1	0	0	0	1
3	Талдықорған қ.	8	0	2	6	0	0
4	Көкшетау қ.	7	0	3	2	2	0
5	Астаны қ. ФМБ	5	0	3	2	0	0
	Жиыны	35	3	15	11	5	1

Оқушыларды конкурстық іріктеудің жаңа әдістерін анықтау

Зияткерлік мектептерге іріктеу комиссиясы арқылы қабылдау үшін, оқушылардың пәндік білім деңгейін анықтайтын тестілер мен бақылау жұмыстары қолданылады. Аталған құралдар оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымын меңгеруде білімі мен психометриялық мүмкіндігін толықтай бағалауға жеткіліксіз. Нәтижесінде, Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламасы бойынша жақсы оқуға мүмкіндігі жетпейтін оқушыларды іріктеп оқыту да әбден мүмкін.

Дербес білім беру ұйымында оқушылар алған білімдерін және сыни көзқарасын қолдануға қабілеттілігін, оқу бағдарламасын меңгеру және оқушының жетістігін тиімді бағалауға мүмкіндік беретін бағалау жүйесін әзірлеу мен құрудың халықаралық тәжірибесізерттелген.

Нидерландының өлшеу Институтымен СИТО ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Қолданыстағы бағалау модельдерін талдау мен оларды салыстыру негізінде Зияткерлік мектептерге оқушыларды іріктеу конкурсы арқылы қабылдау моделін талқылау мен оны әзірлеу бойынша семинар өткізілді. Іріктеу конкурсының жаңа моделінде келесілер қарастырылады:

- екі кезеңді шараны (тестілеу және бақылау жұмысы) бір кезеңді шараға ауыстыру (тестілеу);
- оқушылардың білімін, сыни көзқарас және өз білімін қолдана білуін тексеруге арналған тестілер әзірлеу;
- оқушылардың Зияткерлік мектепке түсу кезінде, болашақта білім беруге коррекция жасау мақсатында, математикалық сауаттылықты бағалаудың объективтілігі үшін, бейімдік пәндердің бірі ретінде, математика пәнінен сұрақтар үлесін айтарлықтай көбейту;

Оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымын меңгеру мүмкіндігін психометриялық бағалау технологияларын енгізу үшін, дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту мен оларды бағалау мақсатында оларды таңдау мен іріктеуде мамандандырылған Джонс Хопкинс Университетінің (АҚШ) Дарынды балалар орталығы (СТУ) қызметінің тәжірибесі зерттелді. Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Қазан айында, кең ауқымда ойлай білу және жаратылыстану-математика ғылымын меңгеру мүмкіндігін анықтайтын логикалық сипаттау негізінде сандық сипаттамаларға сүйену сияқты балалардың қабілеттері мен психометриялық көрсеткіштерді бағалау мақсатында эксперимент түрінде Орал қаласындағы Зияткерлік мектепке үміткер оқушылардың тестілеуі өткізілді. Тестілеу нәтижесі Президент Грантына түскен 7-сынып оқушыларының 35%-ы, 8-сынып оқушыларының 51%-ы және 9-сынып оқушыларының 32%-ы жаратылыстану-математика ғылымын меңгеруге мүмкіндіктері бар екендігін көрсетті. Тестілерді талдап және қорытынды шығарған Дарынды балалар орталығының болжауына байланысты, бұл оқушылар жақсы оқитын оқушылар қатарына кіруі мүмкін. Тестілеу кезінде

жақсы көрсеткішке қол жеткізбеген оқушылар, оқушылардың іскерлігін дамыту мен білімін қолдана білуге бағытталған білім беру процесін дұрыс ұйымдастырған жағдайда Зияткерлік мектептерде жақсы оқи алады.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Зияткерлік мектептерге оқушыларды конкурстық іріктеу шарттары туралы халықты ақпараттандыру:
 - брифингілерді ұйымдастыру;
 - БАҚ-қа хабарландырулар беру.
2. Жаңадан ашылатын Зияткерлік мектептерге оқушыларды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру
3. Мұғалімдерге арналған тест әзірлеу технологиясы, конкурстық іріктеу пәндері бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру, СІТО сарапшыларымен барлық сұрақтарды сараптау және ескертпелерге сәйкес қайта әзірлеу.
4. Джонс Хопкинс университетімен (АҚШ) Зияткерлік мектептерге түсуге үміткер оқушылардың қабілеттерін психометриялық бағалау бойынша ынтымақтастықты жалғастыру.
5. Жалпы білім беретін мектептерде оқытындарға Зияткерлік мектептерге түсу үшін математика, қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдерінен консультация беру жұмыстарын ұйымдастыру.

5.2. Виртуалды және Демалыс мектептері


Қазақстан Республикасының білім беретін ұйымдарынан жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілетті балаларды анықтау және іріктеу үшін 2011 жылы «Виртуалды мектеп» және «Демалыс мектеп» жобаларын жүзеге асыру жұмысы жалғастырылды.

Жобалардың мақсаты - Қазақстан Республикасының түрлі білім беретін ұйымдарындағы 5 және 6 сынып оқушыларының жаратылыстану-математика ғылымдарын оқу қабілеттерін және Тұңғыш Президенттің «Өркен» грантының негізінде Зияткерлік мектепке түсуге даярлығын дамыту үшін жағдай жасау.

Үміткерлер «Виртуалды мектеп» веб-сайтының көмегімен аймақтық Зияткерлік мектепте оқуға тіркелуіне, тапсырма және оны орындау жөнінде ұсынымдар алуына, мұғалімдерден жеке консультация алуына болады.

Виртуалды мектептің тапсырмасын сәтті орындаған қатысушы бейіндік пәндер бойынша күндіз оқу және конкурстық іріктеу пәндері бойынша консультация алу үшін аймақтық Зияткерлік мектепке шақыртылады.

5-сурет. «Виртуалды мектеп» сайтының басты парағы



2011 жылғы қыркүйекте Виртуалды мектепке Қазақстан Республикасының 5 аймағынан 915 қатысушы тіркелді.

24-кесте. «Виртуалды мектеп» жобасына тіркелген қатысушылардың саны туралы ақпарат, адам

Зияткерлік мектеп	5-сынып		Жиыны, 5-сынып	6-сынып		Жиыны, 6-сынып	Барлығы
	Қазақ тілі	Орыс тілі		Қазақ тілі	Орыс тілі		
Астана қ., ФМБ	7	14	21	7	7	14	35
Астана қ., ХБ	4	9	13	0	8	8	21
Көкшетау қ.	115	102	217	70	91	161	378
Семей қ.	27	50	77	22	50	72	149
Талдықорған қ.	93	38	131	97	20	117	248
Өскемен қ.	12	40	52	6	26	32	84
Барлығы	258	253	511	202	202	404	915

Виртуалды мектеп қатысушыларының санын аймақ оқушыларының контингентімен салыстырғанда, Жобада тіркелген қатысушылардың үлесі 5 сынып оқушыларының жалпы санының 0,9 %-ын және 6 сынып оқушыларының жалпы санының 0,7 %-ын құрады. Тіркеуге өткен оқу жылында «үздік» және «жақсы» деген бағаға бітірген қатысушылар жіберілді.

Астана қаласында ең аз тіркелді, «4» пен «5»-ке оқитын 5 сынып оқушыларының 0,11 %-ы, 6 сынып оқушыларының 0,08 %-ы ғана тіркелді.

Виртуалды мектепке тіркелген барлық қатысушылар Зияткерлік мектептің бейіндік пәндері бойынша тапсырмалар жиынтығын және оларды бағалау критерийлерін, тапсырмаларды орындау жөнінде әдістемелік ұсынымдарды, оқуға тиіс әдебиеттер тізімін алды. Әрбір оқушыға Зияткерлік мектептің желілік педагогі бекітілген, ол қатысушылардың тапсырмаларды орындауын тексереді, қатысушылардың тапсырманы орындау барысында жіберген типтік қателері бойынша ұсыныстар айтады, жұмысты үздік орындаған қатысушыларға жеке консультация береді.

2011 жылдың бірінші жартысында бес Зияткерлік мектептің базасында виртуалды және демалыс мектептері жұмыс істеді.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Облыстық (қалалық) білім беру басқармаларымен «Виртуалды мектеп», «Демалыс мектеп» жобаларын жүзеге асыру аясында ынтымақтастықты жалғастыру;
2. Виртуалды және Демалыс мектептерінің жұмыстарын ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
3. «Виртуалды мектептің» жаңа сайтын тестілеуді және 2012 жылы оның шығарылымын жүзеге асыру.

5.3. Элективті курстарды ұйымдастыру

2011 жылы атқарылған жұмыстар

Зияткерлік мектептер қызметінің тиімділігіне және білім беру қызметін ұсынудың жоғарғы сапасына қол жеткізу үшін 2011 жылы балаларды қолдау жөнінде арнайы шаралар өткізілді. Олардың бірі - елімізде және шетелде физика, математика, химия, биология, сондай-ақ ағылшын тілінен (тіл үйрету курстары) элективті курстар ұйымдастыру.

Олимпиадаларда, ғылыми жоба сайыстарында жетістікке жеткен және оқуда оң динамика көрсеткен қатысушылар шетелдік және отандық оқу орындарындағы элективті курстарда пәндерді тереңдетіп оқу мүмкіндігіне ие болды.

Элективті курстарды таңдағанда қатысушылар үшін өзектілігі мен жаңашылдық дәрежесіне, ынталандырушы және дамытушы әлеуетке назар аударылды. Бағдарлама мазмұны қатысушының зияткерлік, шығармашылық, эмоциональдық дамуына, қазіргі білім беру технологияларына бағдарды, белсенді оқу әдістерін пайдалануға жәрдемдесті.

Элективті курстар келесі міндеттерді шешуге бағытталды:

- Оқушының өзін-өзі анықтауына және бұдан әрі кәсіптік қызметін таңдауына жәрдемдесті;
- Жоспарланған бейінде оқуға деген оң ынталандыруды құру;
- Қатысушыларды бұл бейін үшін жетекші қызмет түрлерімен таныстыру;
- Қатысушылардың танымдық қызметін жандандыру;
- Қатысушылардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігін көтеру.

25-кесте. Зияткерлік мектептің оқушылары үшін өткізілген элективті курстар туралы ақпарат

№	Курстың атауы	Өткізу орны	Оқушылар-дың саны
1	Ұлыбританияның (RI) Король институтындағы зертханалық жұмыстар	Лондон қ., Ұлыбритания	20
2	Наурыздық кездесулер	Астана қ., Қазақстан Республикасы	40
3	Мамандандырылған мектептер мен академиялар қорының жазғы мектебі (SSAT)	Кентербери қ., Ұлыбритания	17
4	Джонса Хопкинс Университетінің талантты жастар орталығының жазғы лагері (CTY)	Ланкастер, Карлайл қалалары, Ұлыбритания	12
5	«Өсімдік шаруашылығының ғылыми негіздемесі» оқыту курсы	Шортанды кенті, Ақмола облысы	18
6	Ұлыбританияның Король институтында Рождестволық кездесулер (RI)	Лондон қ., Ұлыбритания	11
7	Ағылшын тілінен IELTS тестілік емтиханға дайындық курстары	Белфаст қ., Солтүстік Ирландия	14
8	Bell Bedgebury International School жаратылыстану ғылымдары бойынша дайындық курстары	Кент қ., Великобритания	16
9	«Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ-да «Фитохимияға енгізу» биология, химия бойынша оқыту курстары	Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы	18
10	«Колмогоров атындағы арнайы оқу-ғылым орталығында биология, химия, физика және информатика саласындағы зерттеу қабілетін дамыту» оқыту курсы	Мәскеу қ., Ресей Федерациясы	35
Жиыны			201

Жазғы мектептерді ұйымдастыру мақсатында 27, 28 қыркүйекте шетел ұйымдарын қатыстырып Bell (Bell Educational Trust) халықаралық сарапшылармен бірге «Зияткерлік мектеп базасында оқушылар үшін жазғы мектепті ұйымдастыру» тақырыбында консультациялық семинар өткізілді. Қазіргі таңда Зияткерлік мектептердің жазғы лагерлерді ұйымдастыру мүмкіндіктері зерттелуде.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Элективті курстарды ұйымдастыруды бұдан әрі жоспарлау үшін 2010-2011ж. қатысқан курстардағы оқу тиімділігі мен сапасын талдау;
2. 2010-2011 жылдары элективті курстардан өткен қатысушылардың дерекқорын құру;
3. Республикада және шетелде курстар бойынша ақпарат жинау, білім беру қызметінің осы бөлігінде өзін сәтті істерімен көрсеткен серіктестерді іздестіру;
4. Жазғы мектептерді ұйымдастыру бойынша халықаралық серіктестерді іздестіру, халықаралық әлеуетті серіктестермен байланыс орнату;
5. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде консультациялық семинарлар өткізу;
6. Жазғы тіл үйрету мектептерінде жұмыс істеу үшін Зияткерлік мектеп мұғалімдерін оқыту жөніндегі тренингілер өткізу.



6-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ

6.1. Оқушылардың 2010-2011 оқу жылындағы үлгерімі


Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептерді 2010-2011 оқу жылында 3708 оқушы бітірді, олардың қазақ тілінде оқығандары 2102 (57%), орыс тілінде оқығандары 1606 (43%).

26-кесте. 2010-2011 оқу жылының соңындағы Зияткерлік мектептерде оқитын оқушылардың саны, адам

Зияткерлік мектеп	Оқушылардың барлығы	Қазақ тілінде оқитындардың саны	Орыс тілінде оқитындардың саны
Астана қ., ФМБ	828	430	398
Астана қ. ХБ	100	42	58
Көкшетау қ.	757	454	303
Семей қ.	688	366	322
Талдықорған қ.	647	368	279
Өскемен қ.	688	442	246
Жиыны:	3708	2102	1606

2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша барлық Зияткерлік мектептердегі білім алушылардың үлгерімі 100%-ды құрады, ал білім сапасы - 87,5%.

7-диаграмма. 2009-2010 және 2010-2011 оқу жылдарының қорытындылары бойынша білім сапасының салыстырылуы



2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептер кескініндегі білім сапасының орташа мәні:

- ФМБ Астана қаласы - 89%;
- Астана қаласы ХБ - 90,0%;
- Көкшетау қаласы - 90,1%;
- Семей қаласы - 89,2%;
- Талдықорған - 81,5%;
- Өскемен қаласы - 85,0%.

Білім сапасының жоғарғы көрсеткіші - 96,7% бастауыш мектеп оқушыларында, негізгі мектепте білім сапасы төмен - 85,3%, жоғары мектепте бұл көрсеткіштің мәні одан да төмен - 80,1%.

Оқу жылын 3708 білім алушы сәтті бітірді. Олардың ішінде «үздікке» - 1190 (32,1%), «жақсы» және «үздікке» - 2043 (55,1%), қанағаттанарлыққа 475 (12,8%).

27-кесте. 2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың бағасы

Зияткерлік мектеп	Оқушылардың барлығы	2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша бағалары бар оқушылардың саны				2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша бағалары бар оқушыларының үлесі			
		5	4	3	2	5	4	3	2
Астана қ. ФМБ	828	298	436	94	0	36,0	52,7	11,4	0,0
Астана қ. ХБ	100	33	57	10	0	33,0	57,0	10,0	0,0
Көкшетау қ.	757	241	441	75	0	31,8	58,3	9,9	0,0
Семей қ.	688	195	419	74	0	28,3	60,9	10,8	0,0
Талдықорған қ.	647	152	376	119	0	23,5	58,1	18,4	0,0
Өскемен қ.	688	271	314	103	0	39,4	45,6	15,0	0,0
Жиыны:	3708	1190	2043	475	0	32,1	55,1	12,8	0,0

Оқу жылын аяқтаған оқушылардың үлесі:

- «үздікке» Астана қаласындағы ФМБ (36,0%) және Өскемен қаласындағы (39,4 %).


- «үздікке және жақсыға» Астана қаласындағы ФМБ 52,7%,

Көкшетау қаласында 58,3% және Семейде 60,9%. Бір ғана «4» бағамен 3,8% (140 оқушы) бітірді, олардың ішінде 6,4%-ы (49 оқушы) Көкшетау қаласында және 6,1%-ы (51 оқушы) Астана қ. ФМБ Зияткерлік мектебінде.

- Зияткерлік мектептерде «қанағаттанарлық» бағаға Талдықорғанда -18,4% және Өскемен қаласында - 15,0%. Оқу жылын бір ғана «3» деген бағаға 5,6%-ы (207 оқушы) бітірді, оның ішінде 8,4% немесе 58 оқушы Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектепті, 5,5%-ы Астана қаласындағы ФМБ мен Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушылары (тиісінше 46 және 42 оқушы).

Оқу жылын екі «3» деген бағаға барлық Зияткерлік мектеп оқушыларының жалпы контингентінің 2,1%-ын (79 оқушы) құрайды.

8-диаграмма. 2010-2011 оқу жылын бір «3» және екі «3» бітірген оқушылардың саны



1-6 сынып (1841 оқушы) оқушыларының білім сапасы 47,31%-ды құрады.

Олардың ішінде оқу жылын:

- «үздікке» 779 адам (42,3%);

- «үздік» және «жақсы» бағаға 944 адам (51,3%);

- «қанағаттанарлық» бағаға 118 адам (6,4%) бітірді.


28-кесте. 2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың (1-6 сынып) бағалары

Зияткерлік мектеп	Оқушы- лардың барлығы	2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша бағалары бар 1-6 сынып оқушыларының саны				2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша бағалары бар 1-6 сынып оқушыларының үлесі			
		5	4	3	2	5	4	3	2
Астана қ. ФМБ	506	200	265	41	0	39,5	52,4	8,1	0,0
Астана қ. ХБ	38	24	14	0	0	63,2	36,8	0,0	0,0
Көкшетау қ.	378	158	210	10	0	41,8	55,6	2,6	0,0
Семей қ.	332	141	160	31	0	42,5	48,2	9,3	0,0
Талдықорған қ.	292	103	169	20	0	35,3	57,9	6,8	0,0
Өскемен қ.	295	153	126	16	0	51,9	42,7	5,4	0,0
Жиыны:	1841	779	944	118	0	42,3	51,3	6,4	0,0

7-11 сынып оқушыларының (1867 адам) білім сапасы 40,7%-ды құрады.

Олардың ішінде оқу жылын:

- «үздікке» 411 адам (22%);
- «үздік» және «жақсы» бағаға 1099 адам (58,9%);
- «қанағаттанарлық» бағаға 357 адам (19,1%) бітірді.

9-диаграмма. 2010-2011 оқу жылы қорытындылары бойынша оқушылардың (7-11 сыныптар) бағалары %

Оқу жылының қорытындысы бойынша «3» деген бағасы бар және Грант бойынша оқитын оқушылар үлесінің төмендеу үдерісі байқалады: 2010-2011 оқу жылының 1-жартыжылдықта бұл көрсеткіш 29,0%-ды құраса, оқу жылының соңында 19,1%-ға дейін азайды.

6.2. Олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурстарына қатысудың нәтижелері

2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептердің 701 оқушысы немесе 18,9 %-ы халықаралық (Франция, Корея, Ресей, Кипр), республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар мен конкурстардың жүлдегері болды. Негізінен Астана қ. (225 оқушы) мен Көкшетау қ. (216 оқушы) ФМБ Зияткерлік мектептерінің оқушылары халықаралық және республикалық конкурстардың жеңімпазы атанды.

29-кесте. Олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурстар жеңімпаздарының саны, адам

Зияткерлік мектеп	Халықаралық	Республикалық	Барлығы
Астана ФМБ	225	82	307
Астана ХБ	7	10	17
Көкшетау	216	58	274
Семей	22	12	34
Талдықорған	43	11	54
Өскемен	6	9	15
Жиыны:	519	182	701

Бұл келесі конкурстар мен олимпиадалар: Халықаралық ойын -конкурс «Кенгуру - лингвист - 2011»; Батыс Қытай олимпиадасы; Азия -Тынық мұхит олимпиадасы; «Жібек жолы» олимпиадасы; «Орыс тілі шетел тілі ретінде» халықаралық олимпиадасы; Ғылым негіздері бойынша халықаралық олимпиада; Математикадан Жалпыресейлік 8 дистанциялық олимпиада «Эрудит»; Жалпыресейлік II дистанциялық конкурс «Математика ертегі әлемінде»; V республикалық конкурс «Тіл тәуелсіздік символы»; Республикалық жасөспірімдер олимпиадасы; Республикалық пәндік олимпиада; «Ақ бота» Зияткерлік ойындары.

6.3. 11 сынып оқушыларының халықаралық емтихандарға қатысуы

Зияткерлік мектеп түлектері SAT-1, SAT-2, SET, IELTS, TOEFL, BCEPT халықаралық емтихандарына қатысты.

SAT-1 халықаралық емтиханында оқушылар математикадан, сыни ойлау және хат бойынша емтихан тапсырды. Американың жоғары оқу орындарына түсу үшін ең жоғарғы балл 2400 болғанда әр пәннен 500 баллдан жинау жеткілікті. Емтиханға Астана қаласынан 15 оқушы, Көкшетау қаласынан 9 оқушы қатысты, олар жоғары нәтижеге қол жеткізді, яғни 1586 және 1600 балл жинады.

SAT-2 - екі бейіндік (математика мен физика, математика мен биология) пәннен халықаралық емтиханға Астана қаласынан 5 оқушы қатысты. Олардың нәтижесі 1236 балл, ең жоғарғы балл 1600, бұл Американың жоғары оқу орындарына түсуге жеткілікті деңгей.

SAT-2 - үш бейіндік (математика - 1-деңгей, математика -2-деңгей, физика немесе биология) пән бойынша халықаралық емтиханды Астана қаласының 7 оқушысы тапсырды. Олар, ең жоғарғы балл 2400 болғанда, 2030 балл жинады, бұл Американың жоғары оқу орындарына түсуге жеткілікті деңгей.

«SET» емтиханы Назарбаев Университетінде келесі пәндердің екеуі бойынша жүргізіледі: «математика», «физика», «химия», «биология», «сыни ойлау». Емтиханға Көкшетау қаласынан 12 оқушы, Семей қаласынан 12 оқушы қатысты, олардың тек 9-ы ғана бастапқы деңгейден өтті.

Академиялық ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған IELTS емтиханына 55 оқушы қатысты: Астана қаласындағы Зияткерлік мектептен 34 оқушы, Көкшетау қаласынан 14 оқушы, Семей қаласынан 7 оқушы қатысты. Ең жоғарғы балл 9,0 болғанда, орташа балл 6,0 құрады, бұл жақсы көрсеткіш.

Шетел тілі ретіндегі ағылшын тілінен TOEFL емтиханға Астана қаласының 4 түлегі қатысты. Негізгі тілі ағылшын емес оқушылардың білім деңгейін бағалау нәтижесі 583 баллды құрады, ал ең жоғарғы балл 677 болатын. Тілді үйренудің Еуропалық деңгейлік моделі бойынша C-1 деңгейіне сәйкес келу үшін 560 балл жинау жеткілікті.

Британ кеңесі әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін бағалауға арналған BCEPT емтиханына 73 оқушы қатысты: Астана қаласынан 18 оқушы, Көкшетау қаласынан 27, Семей қаласынан 28 оқушы. Қорытынды бойынша 36 оқушы алғашқы деңгей баллын жинады.

30-кесте. Халықаралық емтихандардың нәтижелері

Емтихан	Қатысқандардың саны	Ең жоғарғы балл	Зияткерлік мектептердің нәтижесі
SAT-1	Астана-15	2400	1586
	Көкшетау-9		1127
SAT-2 (2 пән)	Астана-5	1600	1236
SAT-2 (3 пән)	Астана-7	2400	2030
SET	Көкшетау-12 Семей-12	Сынақ/сынақтан өтпеген	Сынақ - 9 оқушы
IELTS	Астана-34 Көкшетау-14 Семей-7	9.0	6.0
TOEFL	Астана-4	677 C1-560	583
BCEPT	Астана-18 Көкшетау-27 Семей-28	Сынақ/сынақтан өтпеген	Сынақ -36 оқушы

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Қамқоршылық кеңестің 16.09.2011 ж. №3 шешімі және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқарма Төрайымының 04.10.2011ж. № 159 бұйрығына сәйкес Зияткерлік мектептерінің барлық түлектері IELTS емтиханын тапсырады.
2. ESOL емтиханын тапсыру тәжірибесін зерттеу. ESOL емтиханы - Cambridge ESOL Examination Centre өткізетін тілді деңгейлеп оқытудың Еуропалық моделіне сәйкес шетел тілі ретінде ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалау. Зияткерлік мектептерде оқытудың көптілді моделін енгізуге байланысты мұндай бағалауды қолдану оқушылардың нәтижесі арқылы моделдің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

6.4. Түлектердің Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері


Астана, Көкшетау, Семей қалаларындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептерді 2010-2011 оқу жылында 132 түлек бітірді, олардың ішінде 111 оқушы (84%) Ұлттық бірыңғай тестілеуге (бұдан әрі-ҰБТ) қатысты, оның ішінде 49 оқушы қазақ тілінде, 62 оқушы орыс тілінде оқитындар.

Зияткерлік мектептің 21 оқушысы (Астана қаласынан 19, Көкшетау қаласынан 2 оқушы) халықаралық олимпиадалардың, оқушылардың ғылыми сайыстарының қатысушылары және жүлдегерлері болғандықтан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 27 мамырдағы №217бұйрығының негізінде ҰБТ-ға қатысудан босатылды.

Оқушылардың орташа баллы 112,3 құрады. Астана қаласы ФМБ Зияткерлік мектеп оқушыларының орташа баллы 115,8, Көкшетау қаласының ФМБ Зияткерлік мектеп оқушылары 108,5, Семей қаласының ФМБ Зияткерлік мектеп оқушылары 112,5.

Зияткерлік мектеп оқушыларының ҰБТ орташа баллы бүтіндей алғанда Қазақстан Республикасы бойынша (30,4 баллдан жоғары) және республикалық мектептер арасында (25,6 баллдан жоғары) айтарлықтай жоғары.

10-диаграмма. Республикалық мектептермен салыстырғанда ҰБТ орташа баллы




Түлектерді жинаған баллдары бойынша бөлу талдамасы 90%-ы (100 адам) 101-ден аса балл жинағанын көрсетті. Қазақстан Республикасы бойынша бұл көрсеткіш 24,18%-ға тең, ал республикалық мектептер арасында 22,98%.

31-кесте. Алған балдары бойынша бітірушілерді бөлу

Қала	Бітіруші- лердің саны, адам.	ҰБТ балдары						
		80-90	91-100	101-110	111-120	121-123	124	125
Астана	22	-	-	5	12	5	-	-
Көкшетау	32	2	5	9	14	1	1	-
Семей	57	2	2	15	31	6	1	-
Барлығы	111	4	7	29	57	12	2	-

Зияткерлік мектепті қазақ тілінде бітірген түлектердің орташа баллы 114,25, орыс тілінде бітірген түлектердің орташа баллы - 116,64, бұл республикалық мектеп нәтижелерінен және Қазақстан Республикасы бойынша да айтарлықтай жоғары.

Диаграмма 11. Қазақстан Республикасы бойынша және республикалық мектептер ішіндегі орташа көрсеткіштерін салыстырғандағы түлектердің оқу тілі бойынша ҰБТ орташа көрсеткіштері



Түлектердің ҰБТ-ның міндетті пәндері бойынша орташа баллы Қазақстан Республикасы мен республикалық мектептер бойынша тиісті көрсеткіштерден айтарлықтай жоғары. Зияткерлік мектептің 98 (89,2%) түлегі ең жоғарғы 25 балл жинады. Сонымен қатар 1 түлек Қазақстан тарихы пәнінен ең төменгі баллды, яғни 13 (0,9%) балл жинады.

32-кесте. Міндетті пәндер бойынша ҰБТ нәтижелерін салыстыру

Пәндер, орташа балл	Зияткерлік мектептер	Қазақстан Республикасы	Республикалық мектептер
Қазақ тілі	22,75	18,82	17,25
Орыс тілі	22,59	15,95	15,44
Қазақстан тарихы	22,76	18,44	17,77
Математика	22,01	15,36	14,74

Таңдау пәндерінен (5-пән) тестілеу нәтижесі бойынша 12 адам (10,8%) ең жоғарғы 25 баллды жинады, 1 түлек (0,9%) қана ең төменгі 13 баллды жинады (Семей қаласы).

33-кесте. Таңдау пәндері бойынша ҰБТ нәтижелерін салыстыру

Пәндер, орташа балл	Астана	Көкшетау	Семей
физика	21,9	20,9	21,0
химия	21,0		24,0
биология		22,7	23,0
география		20,0	21,0
дүниежүзілік тарих			23,0
әдебиет			23,0
ағылшын тілі	22,8	22,6	24,0

Зияткерлік мектеп түлектерінің арасында 31 оқушы «Алтын белгіге» және 8 оқушы үздік аттестат алуға үміткер. 27 оқушы (87,1%) «Алтын белгіні» және 7 оқушы (87,5%) - үздік аттестатты алды (4.4-кесте).

34-кесте. «Алтын белгі» және үздік аттестат алған бітірушілердің саны

Зияткерлік мек-теп	«Алтын белгі»			Үздік аттестатпен		
	Қазақ	Орыс	Барлығы	Қазақ	Орыс	Барлығы
г.Астана	2	5	7	3	2	5
Көкшетау қ.	2	3	5			
Семей қ.	13	2	15	1	1	2
Барлығы	17	10	27	4	3	7

Түлектері ҰБТ-2011-де ең жоғарғы балл жинаған 100 үздік мектеп тізімінде Семей қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектеп 28-орынды, Көкшетау қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектеп 61-орынды иеленді. Бұл тізімге ҰБТ-ға 75%-дан аса оқушысы қатысқан мектептер ғана енгізілгендіктен, Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектеп бұл тізімге енгізілмеген. Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебінен оқушылардың 53,7%-ы қатысты, ал 46,3%-ы халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы ретінде босатылды. Орташа баллдың көлемі жағынан Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебі Қазақстан Республикасының 100 үздік мектебінің тізімінде 6-орынды иеленер еді.

Қазақстан Республикасының «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы Заңына сәйкес Зияткерлік мектеп оқушылары ұлттық бірыңғай тестілеу формасындағы қорытынды аттестациядан босатылған. Дербес білім беру ұйымы мен Кембридж университеті бірлесіп әзірлеген жаңа оқу бағдарламалары бойынша оқытуға өту кезеңінде негізгі және жоғары мектепті 2011-2012 оқу жылында бітірген оқушылар үшін қорытынды аттестацияны Дербес білім беру ұйымы ұйымдастырады және өткізеді.

Осы мақсатта қорытынды аттестация пәндерінің тізімі мен оларды өткізу формасы Қамқоршылық кеңесінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі №3 шешімімен мақұлданды және Дербес білім беру ұйымы Басқарма төрағасының 2011 жылғы 4 қазандағы бұйрығымен бекітілді. Қорытынды емтихан материалдарын әзірлеушілермен және сарапшылармен нұсқаулық семинар өткізілді, бағалау критерийлері талқыланды.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. 2012 жылғы қаңтарда сайтқа негізгі және жоғары мектеп түлектеріне арналған емтихан материалдарының үлгілерін орналастыру.
2. Негізгі және жоғары мектеп оқушыларының бітіру емтихандарын ұйымдастыру.

6.5. Зияткерлік мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуы

2010-2011 оқу жылында 132 түлек бітірді, олардың ішінде 122 түлек (92,4%) республикадағы жоғары оқу орындарына, 10 түлек (7,6%) шетелдік жоғары оқу орындарына түсті. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарын таңдаған түлектердің ішінде 22 адам (18%) Назарбаев Университетіне түсті.

117 адам немесе 88,6%-ы білім беру грантын иеленді және 15 (11,3%) адам ақылы оқуға, оның ішінде 10 адам шетелдік жоғары оқу орындарына түсті.

35-кесте. Жоғары оқу орындарына түсудің нәтижелері

Зияткер- лік мектеп	Бітіруші- лердің саны	Жоғары оқу орындарына түсті			Гранты бар	Ақылы оқу	
		Бар- лығы	ҚР Жоғары оқу орындары				Шетел
			НУ	Бас- қалар			
Астана қ.	41	41	17	21	3 - АҚШ, Чехия, Ұлыбритания	40	1
Көкшетау қ.	34	34	0	32	2 - Ұлыбритания, Польша	29	5
Семей қ.	57	57	5	47	Малайзия-1, Ресей-4	48	9
Жиыны:	132	132	22	100	10	117	15

Таңдалған мамандық бағытының саны 22-ден 29-ға дейін. 91 түлек техникалық мамандықтарды таңдады, бұл 68,9%-ды құрайды; туризм сферасын, халықаралық қатынастар мен тіл үйренуді 16 - 12,1%; медицинаны, психологияны және биотехнологияны 13 - 9,8%-ы таңдады; 6 адам немесе 4,5%-ы экономикалық, құқықтану және әлеуметтік ғылымдарды таңдады.

36-кесте. Оқу бағытын таңдау

Зияткерлік мектеп	Бітіруші-лердің саны	Таңдалған бағыт-тардың саны	Мыналарды таңдаған оқушылардың саны:				
			Техника-лық ма-мандық	Тілдер, ХҚ, туризм	Медицина, психология, биотехноло-гия	Экономи-ка, Қаржы,	Құқық-тану, әлеумет-тік ғы-лымдар
Астана қ.	41	23	30	4	2	0	5
Көкшетау қ.	34	22	24	3	3	4	0
Семей қ.	57	29	37	9	8	2	1
Жиыны	132	22-29	91	16	13	6	6

6.6. 2011-2012 оқу жылының 2-тоқсанындағы оқушылардың контингенті және үлгерімі

2011-2012 оқу жылының 2-тоқсанының соңында 6 Зияткерлік мектепте 4022 оқушы оқыды, олардың ішінде 2264 оқушы қазақ тілінде, 1758 оқушы орыс тілінде оқыды.

37-кесте. Зияткерлік мектептерде оқытындардың контингенті, адам


Зияткерлік мектеп	Оқушылардың саны, адам		
	Қазақ тілінде оқыту	Орыс тілінде оқыту	Жиыны
Астана қ. ФМБ	434	401	835
Астана қ. ХБ	119	113	232
Көкшетау қ.	412	345	757
Семей қ.	384	305	689
Талдықорған қ.	421	321	742
Өскемен	494	273	767
Барлығы:	2264	1758	4022

Оқушылардың 2-тоқсан қорытындысы бойынша үлгерімі 100 %, ал 1-тоқсанда бұл көрсеткіш 99,9%-ды құраған.

Оқушылардың 2-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы барлық Зияткерлік мектептер бойынша орташа есеппен 79,8%-ды құрады. Барлық Зияткерлік мектептерде білім сапасының жоғарылау үрдісі байқалады, көрсеткіштің жоғарылауы орта есеппен 10%-ды құрады.

Талдықорған қаласындағы (21%-ға), Астана қаласындағы ФМБ (17%-ға) Зияткерлік мектептерінде және Астана қаласындағы ХБ Зияткерлік мектебінде (13%-ға) білім сапасы айтарлықтай жоғарылады.

12-диаграмма. 2011-2012 оқу жылы 1 мен 2-тоқсанның қорытындылары бойынша оқушылардың білім сапасы, %



Оқу тілі бойынша білім сапасын салыстырғанда қазақ тілінде (84,05%) оқитын сыныптарда орыс тілінде (82,83%) оқитын сыныптармен салыстырғанда бұл көрсеткіш жоғары болды. Бұл үрдіс оқытудың барлық деңгейінде байқалады: бастауыш, негізгі, жоғары мектептерде. Оқу тілі бойынша 2-тоқсандағы көрсеткіштің айырмашылығы 1,22%, 1-тоқсанда бұл көрсеткіш 5,9%-ды құрады.

38-кесте. Оқыту тілі бойынша оқушылар білімінің сапасы, %

Зияткерлік мектеп	1-4		5-9		10-11		Жиыны	
	қазақ тіл	орыс тіл	қазақ тіл	орыс тіл	қазақ тіл	орыс тіл	қазақ тіл	орыс тіл
Астана қ. ФМБ	91,61	92,81	78,50	75,63	85,71	85,07	84,26	83,13
Астана қ. ХБ			81,0	65,0	55,0	47,0	68	56
Көкшетау қ.	93,0	94,0	70,0	65,0	72,0	82,0	73	78
Семей қ.	96,0	96,0	78,0	73,0	95,0	97,0	86	82
Талдықорған қ.	99,0	94,0	81,0	82,0	100	90,0	91	86
Өскемен қ.	96,0	97,0	85,0	84,0	79,0	78,0	86	85
Жиыны:	95,12	94,76	78,92	74,11	81,12	79,85	84,05	82,83

Білім сапасының ең жоғары көрсеткіші бастауыш мектепте- 95,04%, негізгі мектепте төмендеп (76,69%), жоғары мектепте жоғарылайды (80,90 %).

39-кесте. Білім беру деңгейі бойынша оқушылар білімінің сапасы, %

Зияткерлік мектеп	1-4 сын.	5-9 сын.	10-11 сын.	Орташа мәні
Астана қ. ФМБ	92,18	77,13	85,38	83,83
Астана қ. ХБ	-	73,00	51,00	62,00
Көкшетау қ.	94,00	68,00	77,00	75,00
Семей қ.	96,00	76,00	96,00	84,00
Талдықорған қ.	97,00	81,00	95,00	88,00
Өскемен қ.	96,00	85,00	81,00	86,00
Жиыны	95,04	76,69	80,90	79,81


Бастауыш мектеп оқушыларының білім сапасы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда 4,8%-ға жоғары. Көрсеткіштің жоғарылауы Астана қаласындағы ФМБ - 9, 28% және Өскемен қаласында 9,1%. Көкшетау қаласында нәтиже 2%-ға төмендеді.

Диаграмма 13. Бастауыш мектеп оқушыларының білім сапасы, (%)



Негізгі мектепте білім сапасы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда 11,3%-ға жоғарылады. Бұл көрсеткіш Талдықорған қаласында 26,2%-ға және Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектепте 24%-ға артты, ал Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектепте бұл көрсеткіш тек 2% ғана артты.

Диаграмма 14. Негізгі мектеп оқушыларының білім сапасы, (%)



■ 2011-2012 оқу жылы 2-тоқсанның қорытындылары ■ 2011-2012 оқу жылы 1-тоқсанның қорытындылары

Жоғары мектепте білім сапасы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда 11,6%-ға жоғарылады. Бұл көрсеткіш Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектепте 23,88%-ға және Талдықорған қаласында 22,9%-ға артты. Астана қаласындағы ХБ Зияткерлік мектепте сапа көрсеткіші 2%-ға, ал Көкшетау қаласында 4%-ға артты.

Диаграмма 15. Жоғары мектеп оқушыларының білім сапасы, (%)



■ 2011-2012 оқу жылы 2-тоқсанның қорытындылары

■ 2011-2012 оқу жылы 1-тоқсанның қорытындылары

2011-2012 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап ФМБ Зияткерлік мектептердің 7 сыныбында, ХББ Зияткерлік мектептер мен Астана қаласындағы ХБ Зияткерлік мектептің 8 сыныбында критерийлік бағалауды енгізу бойынша тәжірибе басталды. Оқушылардың оқудағы жетістігін бағалауда критерийлік тәсілді қолдану оқушыларға критерийлерге сәйкес бағаларды объективті қоюға әкелді және білім сапасының көрсеткіштеріне әсер етті. 7 сыныпта 1-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасының орташа мәні 42,6%-ды, 8 сыныпта -68,3%-ды құрады. Педагогтардың ата-аналар мен оқушыларға критерийлік бағалау технологиясын түсіндіру, оқу-тәрбие процесін бағалаудың жаңа тәсілдерін ескеріп ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыстары, оқушыларды бағалау процесіне қатыстыруы 2-тоқсанның қорытындысы бойынша нәтиженің жақсаруына алып келді. 7 сыныптарда білім сапасы 14,7% артты, яғни 57,3%-ды құрады, 8 сыныптарда 14,6%-ға артты және 82,9%-ды құрады.

40-кесте. 2011-2012 оқу жылының 1 және 2 тоқсандарының қорытындысы бойынша 7 және 8 сынып оқушылары білімінің сапасы, %

Зияткерлік мектеп	7 сынып, ФМ мектептер		8 сынып, ХББ және МБ мектеп	
	1 -тоқсан	2 - тоқсан	1 - тоқсан	2 - тоқсан
Астана қ. ФМБ	49,0	58,3		
Көкшетау қ.	45,3	44,4		
Семей қ.	28,2	51,6		
Талдықорған қ.	47,9	75,0		
Орташа мәні	42,6	57,3		
Астана қ. ХБ			60,4	87,5
Өскемен қ.			76,1	78,3
Орташа мәні			68, 3	82,9

Оқушылардың үлгерімін бағалар бөлінісінде талдау нәтижесі 2-тоқсанды 3290 оқушы сәтті аяқтағанын көрсетті, бұл аттестациядан өткен оқушылардың жалпы санының 82,5%-ын құрайды. Олардың ішінде 803 (20,1%) оқушы «үздік», 2487 (62,4%) оқушы «жақсы» және «үздік», 697 (17,5%) оқушы «қанағаттанарлық» баға алған.

41-кесте. Баға бөлінісінде оқушылардың үлгерімі *

Зияткерлік мек-теп	Оқушы-лардың барлығы	2011-2012 оқу жылының 2-тоқсанының қорытындысы бойынша бағалары бар оқушылардың саны, адам				2011-2012 оқу жылының 2-тоқсанының қорытындысы бойынша бағалары бар оқушылардың үлесі, %			
		5	4	3	2	5	4	3	2
Астана қ. ФМБ	835	176	525	134	0	21,1	62,9	16,0	0,0
Астана қ. ХБ	232	18	143	71	0	7,8	61,6	30,6	0,0
Көкшетау қ.	757	131	436	190	0	17,3	57,6	25,1	0,0
Семей қ.	689	116	464	109	0	16,8	67,3	15,8	0,0
Талдықорған қ.	707	131	493	83	0	18,5	69,7	11,1	0,0
Өскемен қ.	767	231	426	110	0	30,1	55,5	14,3	0,0
Жиыны:	3987	803	2487	697	0	20,1	62,4	17,5	0,0

* 1-жартыжылдықта үлгерім бағаланбайтындықтан 1-сыныптың 35 оқушылары есепке алынған жоқ.

Оқушылардың бағалар бөлінісінде 1 мен 2-тоқсан қорытындысы бойынша үлгерімдерінің нәтижесін салыстырғанда, 2-тоқсанда:

- «5» деген бағасы бар оқушылардың үлесі 5,3%-ға артты;
- «4» және «5» деген бағасы бар оқушылардың үлесі 6,3%-ға артты;
- «3» деген бағасы бар оқушылардың үлесі 11,4%-ға азайды;
- «2» деген бағасы бар оқушылар жоқ, ал 1-тоқсанда олардың үлесі 0,2%-ды құраған болатын.

Айтарлықтай төмендеуге қарамастан, тоқсанды «3» деген бағаға бітіргендердің үлесі жоғары болып қалуда және 2-тоқсанның қорытындысы бойынша оқушылардың жалпы контингентінің 17,5%-ын құрайды. Сонымен қатар:

- Бір пәннен «3» деген бағасы бар оқушылар саны 296 немесе 7,4 %. Мұндай оқушылардың саны Астана қаласы ФМБ мен Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектептерде көп;
- Екі пәннен «3» деген бағасы бар оқушылар саны 217 немесе 5,4%. Мұндай оқушылардың саны Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектепте көп;
- Үш не одан да көп пәндерден «3» деген бағасы бар оқушылар саны 184 немесе 4,6%. Мұндай оқушылардың саны Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектепте көп.

42-кесте. Қанағаттанарлық бағасы бар оқушылардың саны мен үлесі *

Зияткерлік мектеп	Оқушылардың барлығы	«3» деген бағасы бар оқушылардың саны, адам				«3» деген бағасы бар оқушылардың үлесі, %			
		Барлығы	1 пән бойынша	2 пән бойынша	3 және одан да көп пән бойынша	Барлығы	1 пән бойынша	2 пән бойынша	3 және одан да көп пән бойынша
Астана қ. ФМБ	835	134	61	29	44	16,0	7,3	3,5	5,3
Астана қ. ХБ	232	71	27	18	26	30,6	11,6	7,8	11,2
Көкшетау қ.	757	190	89	68	33	25,1	11,8	9,0	4,4
Семей қ.	689	109	40	33	36	15,8	5,8	4,8	5,2
Талдықорған қ.	707	83	31	26	26	11,7	4,4	3,7	3,7
Өскемен қ.	767	110	48	43	19	14,3	6,3	5,6	2,5
Жиыны:	3987	697	296	217	184	17,5	7,4	5,4	4,6

* 1-жартыжылдықта үлгерім бағаланбайтындықтан 1-сыныптың 35 оқушылары есепке алынған жоқ.

Грант бойынша оқып жатқан 7-11 сынып оқушылары үлгерімінің талдамасы олардың 17,7%-ының 2-тоқсанды қанағаттанарлық бағаға бітіргендігін көрсетті. Бұл көрсеткіштің оң өзгерісі байқалады, себебі 1-тоқсанда мұндай оқушылардың үлесі 27,9%-ды құраған.

43-кесте. Грант бойынша оқитын және екінші тоқсанды «қанағаттанарлық» бағаға аяқтаған 7-11 сынып оқушылары туралы деректер

Зияткерлік мектеп	Оқушылардың барлығы	«3» деген бағасы бар оқушылардың саны, адам				«3» деген бағасы бар оқушылардың үлесі, %			
		Барлығы	1 пән бойынша	2 пән бойынша	3 және одан да көп пән бойынша	Барлығы	1 пән бойынша	2 пән бойынша	3 және одан да көп пән бойынша
Астана қ. ФМБ	379	89	40	18	31	23,5	10,6	4,7	8,2
Астана қ. ХБ	232	53	27	17	9	22,8	11,6	7,3	3,9
Көкшетау қ.	488	130	76	31	23	26,6	15,6	6,4	4,7
Семей қ.	455	73	32	26	15	16,0	7,0	5,7	3,3
Талдықорған қ.	449	57	23	21	13	12,7	5,1	4,7	2,9
Өскемен қ.	534	48	22	19	7	9,0	4,1	3,6	1,3
Жиыны:	2537	450	220	132	98	17,7	8,7	5,2	3,9

7-11 сынып оқушыларының:

- Бір пәннен «3» деген бағасы бар оқушылар Көкшетау қаласындағы және Астана қаласындағы ФМБ және ХБ Зияткерлік мектептерде көп;
- Екі пәннен «3» деген бағасы бар оқушылар Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектепте көп;
- Үш не одан да көп пәндерден «3» деген бағасы бар оқушылар Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектепте көп.



7-ТАРАУ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Білімнің жаңа мазмұнын әзірлеу объективті, дұрыс жүйені құру және енгізу үшін оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауда жаңа тәсілдерді анықтауды талап етті.

Дүниежүзінде оқушыларды бағалау үшін бағалаудың критерийлік жүйесі қолданылады. Дербес білім беру ұйымы бір жыл бойы жаңа бағалау жүйесін құру бойынша жұмыс істеді.

2011 жылы атқарылған жұмыс

Критерийлік бағалау жүйесін әзірлеу және оны Зияткерлік мектептерге енгізу үшін халықаралық сарапшылармен консультациялар өткізілді:

- Кембридж Университетінің Емтихан кеңесі (CIE, Ұлыбритания)
- Пенсильвания штатының университеті (UPENN, АҚШ);
- Педагогикалық өлшеу институты (Cito, Нидерланд);
- Халықаралық Бакалавриат Бағдарламасы;
- Әлемнің түрлі елдеріндегі халықаралық мектептер.

Педагогтарды бағалаудың критерийлік тәсілінің негіздеріне оқыту үшін Пермь Мемлекеттік Университетінің ХБ бағдарламасы кадрлық-ресурстық орталығы бейіндік пәндер мен тілден сабақ беретін мұғалімдерге арнап Астана, Пермь қалаларында оқыту семинарларын өткізді. Зияткерлік мектептердің ішінде мұғалімдердің арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылды.

Оқушыларды бағалау кезінде критерийлік-бағдарланған тапсырмалар мен тестілерді қолдану бойынша жұмыс нәтижелері Өскеменде өткізілген «Зияткерлік мектеп оқушыларының оқудағы жетістіктерін бағалау үшін бағалаудың критерийлік жүйесін қолдану» атты семинарда талқыланды.

Семинар қорытындысы бойынша мұғалімдер 2011-2012 оқу жылының қыркүйек айынан бастап критерийлік бағалауды апробациялау бойынша эксперимент өткізу керектігі жөнінде ұсыныс жасады, педагогтардың бұл бағалау тәсілінің басымдықтары туралы сөйлеген сөздері тезистер жинағы ретінде дайындалды.

Дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2011 жылғы 16 тамыздағы №9 шешімімен:



- Зияткерлік мектептердегі оқушылардың оқудағы жетістіктерін критерийлік бағалау жүйесін енгізу тұжырымдамасы;

- 2011-2012 оқу жылында физика-математикалық бағыттағы Зияткерлік мектептердің 7 сынып және химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектептердің 8 сынып оқушыларының оқудағы жетістіктерін бағалау тәртібі әзірленді және бекітілді.

1 қыркүйектен бастап ФМБ мектептің 7 сыныбында және ХББ мектептің, Астана қаласындағы ХБ Зияткерлік мектептің 8 сыныбында оқу жоспарындағы 12 пәннен критерийлік бағалау жүйесін енгізу бойынша эксперимент басталды.

Қараша айында директорлардың орынбасарларымен және мұғалімдермен 1-тоқсанда критерийлік бағалауды апробациялау қорытындысы бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Нормативтік құжаттарды, сондай-ақ критерийлерді әрі қарай жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізілді.

Мұнымен қатар Кембридж университетімен бірге ықпалдасқан білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде Зияткерлік мектептерде бағалау моделі әзірленді, жаңа оқу бағдарламаларын енгізу жағдайындағы пәндер мен сыныптар анықталды. Олар:

- суммативті бағалау -, білім берудің Тәуелсіз ұйымдары жүргізетін 5,10,11 және 12- сыныптардан кейінгі мектепке қарағанда сыртқы бағалау;
- формативті бағалау- мектептегі мұғалімдер жүргізетін ағымдық бағалау;
- оқушылардың жетістіктері туралы есеп - бағамен бағаланбайтын, меңгерген пәндер бойынша.

Дербес білім беру ұйымы дер кезінде академиялық және педагогикалық көмек көрсету мақсатында оқушылардың жетістіктерін жүйелі түрде бақылау үшін Педагогикалық өлшеу институтымен (CITO Нидерланды) бірге оқушылардың оқудағы жетістіктерін мониторингілеу моделін әзірледі. Модельге сәйкес нәтижелер бағасы бағалаудың үш деңгейі (негізгі, ілгері, жоғарғы) бойынша бейіндік пәндерден (математика, физика, химия, биология) жылына үш рет (жыл басында, ортасында, соңында) жүзеге асырылатын болады. Бағалау нәтижелерінен алынған диагностикалық ақпарат мұғалімдерге оқушылардың сұранысына сәйкес білім беру процесін түзетуге мүмкіндік береді.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Мұғалімдерді бағалауды қалыптастыратын жаңа оқу бағдарламасын қолдануда қолдау мақсатында оларға арнап басшылыққа алатын құжат әзірлеу.
2. Мұғалімдерге критерийлік бағалау бойынша тренингілер ұйымдастыру
3. 5, 10, 11, 12 сыныптардан соң суммативті бағалау құралдарының спецификациясын әзірлеу. Мұғалімдерді оқушылардың машықтарын және проблеманы шешу қабілетін бағалауға бағытталған бағалау құралдарын (ашық сұрақты тестілер, шығармашылық сипаттағы тапсырма, көптеген шешімі бар тапсырма, портфолионың түрлі фоматтары, эссе және т.б.) әзірлеу үшін оқыту.
4. Кембридж университетінің емтихан материалдары бойынша 2012-2013 оқу жылында Зияткерлік мектеп түлектерінің қорытынды емтихандарын әкімшіліктендіру үшін қызметкерлер тобы даярланады.
5. Мониторинг жүйесін құру үшін 7 сынып үшін математикадан бағалау құралдарын әзірлеу басталады. Алғашқы бағалау 2012-2013 оқу жылының қыркүйек айында, екіншісі желтоқсанда болады. Содан кейін сыныптар мен пәндердің саны көбейеді.
6. Мектеп қызметінің тиімділігін сыртқы бағалау жүйесін құру(аккредитация).

Аккредитация - қызметтің белгілі бір саласында мониторингке және бағалауға арналған тәуелсіз құрал. Мектептерді аккредитациялау мектеп қызметінің барлық саласында көрсеткіштердің халықаралық стандарттарға сәйкестігін Тәуелсіз бағалау мақсатында жүргізіледі. Аккредитация процесін өткізу барысында тәуелсіз сарапшылар мектеп өмірінің келесі аспектілерін бағалайды:

1. Миссия және құндылықтар (мектеп жүргізетін қызмет айтылған миссия мен құндылықтарға қаншалықты сәйкес келеді).
2. Мектепті басқару (оқушылардың дерекқорын басқару, жоспарлау, қаржыландыру, қауіпсіз және дені сау орта құру).
3. Оқу жоспары (сабақ кестесі, оқу сағатының саны және олардың орындалуы, АКТ қолдану).
4. Сабақ беру сапасы (педагогтардың біліктілігі мен тәжірибесі, оқыту әдістері, біліктілік арттыру жүйесі, оқушылармен қарым-қатынасы).
5. Оқыту сапасы (оқушылардың нәтижесі, оқушылардың қабілеті қаншалықты анықталғанымен ескерілгені, жеке және топтық оқытудың тиімділігін бағалау).
6. Мектеп ресурстары (кітапхананың, спорт залының жабдықталуы, тамақтану, балаларды әлеуметтік қорғау).
7. Моральдық - психологиялық климат (академиялық немесе жеке проблемалары бар оқушылар үшін көрсетілетін қызмет, кемсітушіліктің, қорқытудың және балаларға қысым жасаудың басқа да әдістерінің болмауы).
8. Оқушылар туралы мәлімет (сабаққа қатысуы, шығып қалуы, тәртіптік жаза, жұмысқа орналастыру).
9. Қоғамның мектеп қызметіне араласуы (ата-аналардан, қоғамнан мектеп туралы ақпарат алу, ата-аналар жиналысы, мектептің жергілікті қоғамдастыққа қосқан үлесі).

Тәуелсіз компаниялар Зияткерлік мектептерді аккредитациялау үшін Зияткерлік мектеп желілерінің ішінде нақты бір мектепке қатысты оның қызметінің тиімділігін бағалау бойынша ішкі жүйе құрылады.

Бұл үшін дербес білім беру ұйымы Кембридж университетімен бірге Зияткерлік мектептердің қызметі мен жоспарлауды жақсарту үшін мектепті бағалаудың халықаралық тәжірибесін зерттейді, бағалау стандарттарын әзірлейді, бағалау құралдары мен бағытын, ұсынымдарды ұсыну формасын келіседі. Келесі кезеңде бағалау моделін апробациялау мақсатында және мектептерден бағалаудың басымдықтары туралы кері байланыс орнату үшін жеке Зияткерлік мектептерді эксперименттік бағалау өткізіледі. Түзегеннен кейін бағалау моделі Тәуелсіз ұйымдардың аккредитациясына дайындалу үшін Зияткерлік мектептердің жүйесінде қолданылады.

Сонымен қатар мектепті аккредитациялайтын және халықаралық нарықта жоғары беделге ие Компаниялардың қызметін талдау және бағалау бойынша жұмыс жүргізіледі.



8-ТАРАУ.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖЕЛІСІН ДАМУ

8.1. Қазіргі Зияткерлік мектептер

2011 жылдың соңында бес ғимаратта 6 Зияткерлік мектеп жұмыс істейді.

Физика-математикалық бағыттағы және ХБ Зияткерлік мектептер

Тапсырыс беруші: «Астана қаласы бойынша құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Мердігер: «Механизацияланған жұмыс басқармасы» (МЖБ) ЖШС.

Мемлекеттік комиссияның салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісіне 2008 жылғы 22 желтоқсанда қол қойылды. Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп 2009 жылғы 7 қаңтардан бастап жұмыс істейді. Объект 2009 жылғы 6 мамырда сенімділікпен басқаруға алынған. Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп ғимаратында 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап ХБ Зияткерлік мектеп ашылды.

Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп

Тапсырыс беруші: «Ақмола облысы бойынша құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Мердігер: «СК Кулагер» ЖШС.

Мемлекеттік комиссияның салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісіне 2009 жылғы 20 қарашада қол қойылды. Зияткерлік мектеп 2009 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейді. Объект 2009 жылғы 7 желтоқсанда сенімділікпен басқаруға алынған.



Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп

Тапсырыс беруші: «Шығыс Қазақстан облысы бойынша құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Мердігер: «Интерстрой НС» ЖШС.

Мемлекеттік комиссияның салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісіне 2009 жылғы 29 маусымда қол қойылды. Зияткерлік мектеп 2009 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейді. Объект 2009 жылғы 1 қазанда сенімділікпен басқаруға алынған.



Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп

Тапсырыс беруші: «Талдықорған қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мердігер: «Алматыоблтяжстрой» АҚ.

Зияткерлік мектеп 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейді. Мемлекеттік қабылдау комиссиясы 2010 жылғы 20 желтоқсанда актіге қол қойған.



Өскемен қаласындағы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп

Тапсырыс беруші: «Шығыс Қазақстан облысы бойынша құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Мердігер: «Каздорстрой 2005» ЖШС.



Дербес білім беру ұйымымен Зияткерлік мектептерді жобалау мен құрылысына тұрақты түрде мониторинг жүргізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ай сайын құрылыстың ағымдағы жағдайы туралы ақпарат жіберіліп отырды.

Тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру үшін 2011 жылғы 19 тамызда «Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дирекциясы» жекеменшік мекеме құрылды және оған құрылысты техникалық қадағалау бойынша қызмет көрсету лицензиясы ресімделді.

8.2. Жоба алдындағы жұмыстар

2011 жылы атқарылған жұмыстар

Қала әкімдіктерінің 17 Зияткерлік мектепті жобалауға және салу үшін жер телімін беру туралы қаулыларына өзгерістер енгізілді. Алматы және Өскемен қалаларынан басқа, барлық учаскелер бойынша мемлекеттік актілер алынды.

Астана қаласында Қабанбай батыр даңғылы, Тұран және 31-көше қиылысқан ауданнан физика-математика және химия-биология бағытындағы екі Зияткерлік мектептерді жобалауға және салуға бөлінген көлемі 10,0003 га жер телімінің шекарасында 178 саяжай учаскесі орналасқан. 152 саяжай учаскесі сатып алынды және саяжайлар бұзылды, 5 учаске бойынша материалдар сот инстанциясының қарауына ұсынылды. Аллея, саябақ аймағын, демалыс аймағы мен автотұрақ ұйымдастыру үшін территорияны кеңейту мақсатында қосымша көлемі 3,982 га жер телімі бөлінді.

Өскемен қаласында Зияткерлік мектепті жобалау үшін бастапқы деректер (учаске бөлу, инженерлік желілер мен коммуникацияларға қосуға техникалық талаптар, ғимаратты сәулет-жоспарлау) жиналды, басқа қалалар бойынша техникалық талаптар жаңартылды (ұзартылды).

Қолданыстағы ҚНЖЕ және басқа да нормативтік құжаттардың болмауына байланысты әрқайсысы 720 оқушыға арналған, жеке ұйықтайтын корпусы мен педагогикалық орталығы бар 386 орындық әкімшілік ғимараты, 100 орындық қонақүйі бар химия-биология және физика-математика бағытындағы екі Зияткерлік мектепті жобалау үшін арнайы техникалық талаптар әзірленді.

Астана мен Алматы қалаларында Зияткерлік мектепті жобалауға жеке техникалық талаптар әзірленді.

Сонымен қатар, Зияткерлік мектептерге арналған оқу-технологиялық жабдықтардың тізімі мен техникалық спецификациясы әзірленді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілді.

2012 жылға арналған жоспарлар

Жоба алдындағы жұмыстарды өткізу шеңберінде:

- Алматы және Өскемен қалаларындағы жер телімдеріне мемлекеттік актілер алу;
- Астана қаласындағы жер телімінің шекарасында орналасқан саяжайларды сатып алу және құлату жөніндегі жұмыстарды аяқтау, учаскеге мемлекеттік бірыңғай актісін ресімдеу қажет.

8.3. Жобалау

2011 жылы атқарылған жұмыстар

Жұмыс жобаларында балабақша мен ойын алаңқайларын шығару, сондай-ақ бастауыш мектеп ғимараттарын негізгі және жоғары мектептің (7-12 сыныптар) оқу ғимараттарына өзгерту сияқты түзетулер орындалды.

Зияткерлік мектептерді жобалау және салу мерзімін жылдамдату үшін аймақтар бойынша құрылыс жұмыстарын жобалық-сметалық құжаттама әзірлеумен бірге кешенді орындау бойынша тендерлер өткізілді және шарттар жасалды.

Орал, Тараз, Петропавл, Атырау, Ақтөбе, Шымкент (ФМБ), Павлодар, Алматы (ХББ және ФМБ) және Қызылорда қалаларында 10 Зияткерлік мектеп салу құрылысына жобалық-сметалық құжаттама (ЖСК) әзірленді. Барлық жұмыс жобалары бойынша «Мемлекеттік сараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны оң шешім берді, жұмыс жобалары (жобаның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері) Қазақстан Республикасының құрылыс және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық жөніндегі агенттігінің (ҚР ҚТКША) бұйрығымен бекітілді.



2012 жылға арналған жоспарлар

Ақтау, Шымкент (ХББ), Қостанай, Астана және Өскемен қалаларында Зияткерлік мектеп құрылысы бойынша жобалы жұмыстарды аяқтау.

Жобалардың құрамына модульдік автономиялы қазандықтың, бірнеше қосымша және құрылыс-монтаж жұмыстарының қалып қойған көлемінің енгізілуіне байланысты Орал және Тараз қалаларында Зияткерлік мектептердің құрылысы бойынша ЖСК түзетулерді аяқтау қажет.

8.4. Құрылыс

2011 жылы атқарылған жұмыс



2011 жылы Орал қаласындағы Зияткерлік мектептің құрылысы жалғасты (бас мердігер «СПП «Металлоизделия»ЖШС).

Ақтөбе, Атырау, Шымкент (ФМБ және ХББ), Петропавл, Алматы (ХББ), Павлодар, Қарағанды, Қостанай қалаларында 10 Зияткерлік мектептің құрылысы басталды.



Орал, Ақтөбе, Атырау, Тараз, Шымкент (ФМБ) қалаларындағы құрылысқа тиісті лицензиясы бар инженерингтік компания техникалық қадағалау жүргізді.

2012 жылға арналған жоспарлар

2012 жылы 12 Зияткерлік мектептің құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Павлодар, Петропавл, Алматы (ХББ және ФМБ), Қарағанды, Шымкент (ХББ), Ақтау, Қостанай, Қызылорда, Астана (ФМБ және ХББ) және Өскемен қалаларындағы 12 Зияткерлік мектептің құрылысына «Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дирекциясы» жекеменшік мекемесінің штаттағы қызметкерлері техникалық қадағалау жүргізді.



9-ТАРАУ.

МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ

9.1. Оқу кабинеттерін жабдықтау

Материалдық-техникалық базаны (бұдан әрі - МТБ) құру оқу процесін сапалы қамтамасыз етудің және оқушылар үшін жақсы білім беретін ортаны құру үшін маңызды компонент болып табылады. Сондықтан Білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес Зияткерлік мектептерді жабдықтауда қажетті жиһаздар, оқу жабдықтары, оқу-көрнекі құралдар, шығыс материалдарымен қамтамасыз ету қарастырылды. МТБ барлық төрт компоненті оқу процесінің сапалы болуы үшін бір бүтін ретінде жұмыс істейді.

2011 жылы атқарылған жұмыс

Зияткерлік мектептердің материалдық-техникалық базасын жетілдіру және тиімді пайдалану шеңберінде мониторинг жүргізілді. Семей, Көкшетау, Өскемен, Талдықорған, Астана қалаларындағы Зияткерлік мектептер физика, химия, биология, биотехнология және нанотехнология бойынша оқу-зертханалық жиһаздармен, оқу құрал-жабдықтарымен жабдықталған. Сондай-ақ тіл, география, математика, сурет, тарих кабинеттері, спорт залдары жабдықтармен толықтырылды.

Зияткерлік мектептерде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген Бірыңғай материалдық-техникалық жабдықтау тізбесі пайдаланылады.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Зияткерлік мектептің әрбір оқу кабинетіндегі оқу жиһаздары мен құрал-жабдықтарды есепке алу бойынша электрондық база құру.
2. Зияткерлік мектептің оқу бөлмелерінің жабдықтары мен оқу процесін жабдықтаудың бірыңғай стандарты (тізбесі) әзірлеу.
3. Астана, Көкшетау, Семей және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептердің ғимараттарын ДБҰ меншігіне беруді аяқтау.

9.2. Оқулықтармен және әдебиеттермен қамтамасыз ету

Зияткерлік мектеп кітапханаларының қорын құрудың негізгі принциптері -мұғалімдердің оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды еркін таңдауы, оқушылар үшін эксперименттік ықпалдасқан оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес түрлі көздерден оқу-танымдық және ғылыми ақпаратты таңдауы.

2011 жылы атқарылған жұмыс

Зияткерлік мектептердің кітапхана қоры оқу, қосымша, ғылыми-танымал әдебиеттерден, баспа және электрондық формадағы анықтамалық-библиографиялық және мамандандырылған мерзімді басылымдардан құралған.

Кітапхана қорын оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен жинақтағанда Зияткерлік мектептің жаратылыстану-математикалық бағыты ескеріледі. Кітапхана оқушыларға оқу әдебиеттерін таңдауды ұсынады.

2011 жылы қорды бейіндік пәндер мен тілдерді үйрену бойынша отандық және шетелдік баспалардан шығарылған ғылыми-танымдық, қосымша, көркем және анықтамалық әдебиеттермен толықтыруға баса назар аударылды.

Зияткерлік мектептердің кітапхана қорындағы әдебиеттер саны 327 088 бірлікті құрады.

44-кесте. 2009-2011 жылдардағы әдебиеттердің саны

Зияткерлік мектеп	Оқу жылы	Кітаптардың жалпы қоры	Оқулықтар	ОӘК	Энциклопедиялар	Сөздіктер	Көркем әдебиет	Пән бойынша қосымша әдебиеттер	Электронды оқулықтар	Мерзімді басылымдар
Астана қ. ФМБ	2009-2010	33108	9597	12662	13	44	900	9030	780	82
	2010-2011	27002	11063	10284	67	21	1304	4064	40	159
		7762	3959	2846	2	6	707	92		150
Жиыны		67872	24619	25792	82	71	2911	13186	820	391
Семей қ.	2009-2010	29450	14350	15085	0	0	0	0	0	15
	2010-2011	25242	9670	13382	53	33	506	1500	40	58
		8634	4181	2834	36	84	719	687	0	93
Жиыны		63326	28201	31301	89	117	1225	2187	40	166
Талдықорған қ.	2010-2011	32871	16692	13354	37	26	1615	1107	40	0
		14392	6261	6072	5	16	1217	752		69
Жиыны		47263	22953	19426	42	42	2832	1859	40	69
Көкшетау қ.	2009-2010	31 153	16 452	14 633	0	0	0	0	0	68
	2010-2011	25 014	9 523	13122	53	31	626	1526	40	93
		7 243	3375	2560	35	12	705	479		77
Жиыны		63 410	29 350	30 315	88	43	1 331	2 005	40	238
Өскемен қ.	2010-2011	31786	15203	13733	19	47	1488	1256	40	0
		17258	7541	7351	11	111	1392	831	0	21
Жиыны		49044	22744	21084	30	158	2880	2087	40	21
Орал қ.	2011-2012	28060	16112	9315	50	86	1973	524	0	0
Жиыны		28060	16112	9315	50	86	1973	524	0	0
Астана қ. ХБ	2010-2011	1579	994	313	0	18	2	195	0	57
		6534	3979	408	89	72	1228	758	0	0
Жиыны		8113	4973	721	89	90	1230	953	0	57
Жалпы кітап қоры		327 088	148 952	137 954	470	607	14 382	22 801	980	942

Кітапхана жұмысындағы негізгі бағыт - жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту, оқырманды қажетті әрі пайдалы ақпаратпен қамтамасыз ету, жаңандық желілерде қажетті ақпаратты іздестіру және талдау машықтарын игеру.

КАБИС автоматтандырылған кітапханалық бағдарламада әдебиеттерді тіркеу жұмысы аяқталды.

Қазіргі таңда оқырмандарға электрондық және қағаз нұсқада қызмет көрсетілуде.

2011 жылғы шілде айында Зияткерлік мектептерде кітапханалардың кітап қорына толық түгендеу жүргізілді.



7-12 қараша аралығында мектеп кітапханалары мен медиатека жұмысын ұйымдастыру бойынша кітапханашылар мен IT-мамандар үшін «Мектеп кітапханаларын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері» тақырыбында арнайы семинар өткізілді. Семинар жұмысына Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасының өкілдері, Самара қаласының Білімді дамыту орталығының медиатекамен жұмыс жүргізу жөніндегі маманы Л.А. Серых, КАБИС автоматтандырылған кітапханалық бағдарламаны әзірлеушілер қатысты.

Зияткерлік мектептердің кітапханашылары үшін желтоқсан айында Сингапурда оқу ұйымдастырылды.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Кітапхана жұмысын жақсартуға бағытталған нормативтік құжаттарды әзірлеу.
2. Кітапханалық бағдарламаларда кітаптарды тіркеу жұмыстарын оңтайландыру бойынша шешім іздестіру.
3. Филиалдардағы кітапханаларда кітаптарды есепке алуды ескеретін кітапханалық жаңа бағдарламаларды іздестіру.
4. Медиатека жұмысын ұйымдастыру және басқару.
5. Кітапхана толық және тиімді жұмыс істеу үшін жабдықтар жиынтығын анықтау.
6. Кітапханалық бағдарламаларда кітаптарды тіркеу жұмыстарын оңтайландыру бойынша шешім іздеу.
7. Мұғалім үшін пәндер бойынша оқу жоспарлары мен анықтамалықтарды әзірлеу жұмысының шеңберінде әрбір сынып пен пәнге арналған негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімін анықтау.
8. Еліміздегі және дүниежүзіндегі жетекші кітапханалармен ынтымақтастық орнату.
9. Кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.
10. Зияткерлік мектеп кітапханаларын педагогикалық, анықтамалық, энциклопедиялық, ғылыми-танымал жаңа әдебиеттермен және оқулықтармен тұрақты түрде толықтырып отыру.

10-ТАРАУ. АҚПАРАТТАНДЫРУ

2011 жылы атқарылған жұмыс

Оқу-тәрбие процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім және ғылым қызметінің деңгейін арттыру мақсатында инфрақұрылымдық жағдай жасау үшін ағымдағы жылы бірнеше шаралар өткізілді.

Ағымдағы жылдың басынан жұмыс істеп жатқан барлық Зияткерлік мектептер компьютерлермен, интерактивті, перифериялық жабдықтармен және лицензиялы бағдарламалық қамсыздандырумен жабдықталды.

Бүгінгі таңда барлық Зияткерлік мектептерде компьютерлік паркте 3742 компьютер бар, оның ішінде:

45-кесте. Дербес компьютерлермен қамтамасыз ету

Зияткерлік мектептер	ФМБ Астана қ.	МБ Астана қ.	ФМБ Семей қ.	ФМБ Көкшетау қ.	ХБН Өскемен қ.	ФМБ Талдықорған қ.	Балабақша Талдықорған қ.	Барлығы
Дербес компьютерлер	1131	270	494	578	639	624	6	3742

Зияткерлік мектептердегі интерактивті тақталардың саны - 315. Астана, Семей, Көкшетау қалаларындағы ФМБ және Өскемен қаласындағы ХБН Зияткерлік мектептеріне бейнеконференцбайланыс жүйесі, Талдықорған қаласындағы ФМБ үшін бейнебақылау жүйесі сатып алынды.

46-кесте. Зияткерлік мектептерді интерактивті тақталармен қамтамасыз ету

Зияткерлік мектептер	ФМБ Астана қ.	МБ Астана қ.	ФМБ Семей қ.	ФМБ Көкшетау қ.	ХБН Өскемен қ.	ФМБ Талдықорған қ.	Балабақша Талдықорған қ.	Барлығы
Интерактивті тақталар	57	13	58	74	60	48	5	315

Жаңа білім беру стандарттарында мектеп оқушылары үшін ыңғайлы жағдай жасау туралы сөз қозғалады. Осыған орай, Семей, Көкшетау, Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептер үшін 2011 жылғы IV тоқсанда үлкен аудиторияны қамтуға мүмкіндік беретін, қолжетімді ақпараттық және ағарту каналы ретінде қызмет атқаратын мектептік жергілікті радио сатып алынды. Зияткерлік мектеп шеңберінде жергілікті радио бас ақпараттық-сауықтыру орталығы болады, шығармашыл жастарды біріктіруге көмектеседі және өз бағдарламаларын құрғанда кеңінен ашылуға мүмкіндік береді. Мектептің радиобағдарламаларын құру жұмыстары белсенді, талантты жастарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс бірнеше бағыттан құралады: ақпараттық, білім беру, тәрбие. Оқушылардың мектептің радиохабарына қатысуы тіл табысқыштық, жалпы эрудиция, мәдениет деңгейі, сөйлеу нақтылығы сияқты маңызды қабілеттерін дамытады.

Семей, Көкшетау, Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептерге оқушыларға өз жұмысын шынайы шығармашылық тұрғыдан істеуге мүмкіндік беретін шағын телестудия сатып алынды. Бұл шағын телестудиялар жоғарғы сынып оқушыларына жобалы жұмыстарын, бейнетүсірілім мен бейнемонтаж жасау үшін, мектеп қызметі туралы репортаж түсіру үшін, оқушылар өткізетін тәжірибелерді түсіру және мектеп ресурстарында орналастыру үшін қажет.

2011 жылғы маусым айында Алғашқы Президенттің «Өркен» грантына қатысушыларды конкурстық іріктеуде алғаш рет «Тестілеу жүйесі» бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылды. Бұл жүйені қолдану оқушыларды іріктеу және тестілеу нәтижесін өңдеу уақытын айтарлықтай үнемдеді. Мұндай жүйені қолдану басып шығарылатын тест тапсырмаларының санын қысқартты.

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық Зияткерлік мектептерде Elluminateline бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы өткізілетін онлайн сабақтар іске қосылды. Онлайн сабақтар өткізу үшін әрбір Зияткерлік мектепке мамандандырылған компьютерлік жабдықтар, бейнекамералар, бейнемикшеттер мен микрофондар сатып алынды және құрастырылды. Онлайн сабақтар Республиканың барлық жалпы білім беретін мектептері үшін Ғаламтор арқылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сайтында (www.sabak.kz) шынайы уақыт режимінде көрсетіледі. Сонымен қатар Зияткерлік мектептердің әрбір онлайн сабақтары көрсету кезінде жазылып алынады.

Ақпараттық-білім беру ортасын дамыту шеңберінде, сондай-ақ оны бірыңғай желіге ықпалдастыру мақсатында Зияткерлік мектептің өміріне қатысты құрылымдық бөлімшелердің қосымша талаптары мен бизнес-процесстері зерттелді. Процесстерді зерттеу нәтижесінде Жеке техникалық тапсырма әзірленді және бекітілді. Жеке техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес қазіргі таңда келесі жұмыстар жүргізілуде: үміткерлерді даярлау мен іріктеудің кіші жүйесін әзірлеу және адами ресурстарды басқару; ақпараттық-білім беру ортасын дамыту, оның ішінде РИК1, РИК2, ОШ, Д12 және басқа да есеп беру формаларын автоматтандыру; әрбір Зияткерлік мектептің ақпараттық-білім беру ортасын бірыңғай ортаға ықпалдасу және Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасының иерархиялық құрылымына сәйкес бірыңғай корпоративтік әлеуметтік орта құру. Сондай-ақ RFID карточкаларынан сабаққа қатысуды есепке алу жүйесінде саусақ таңбаларын танудың биометриялық бірдейлендіруге ауысу жұмысы орындалуда.

6-сурет. Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасының иерархиялық құрылымы



Зияткерлік мектептердің бюджетін тиімді қалыптастыру мақсатында Бюджеттендіру жүйесінің шеңберінде 1С Бухгалтерия бағдарламасына бюджетті қалыптастыру және түзету, сондай-ақ оның орындалуына мониторинг жүргізу жөніндегі модульдер пайдалануға енгізілді. Бекітілген жылдық бюджет негізінде дербес білім беру ұйымының Сатып алу жоспарын қалыптастыру және бекітілген Жоспарды орындау бойынша мониторинг модулін әзірлеу бойынша жұмыс жасалды.

Барлық Зияткерлік мектептердің Cisco желілік жабдықтарымен жабдықталғанын және серверлерде Microsoft SQL Server қолданылатынын ескеріп, Зияткерлік мектептердің 6 IT-маманы «Interconnecting Cisco Network Devices» және «SQL Server» тақырыбында өткізілген біліктілік арттыру курсына жіберілді. Мұндай курстардан өткен мамандар ақпараттық қауіпсіздік пен IP-телефония ықпалдасқан сервистері бар қазіргі жергілікті және жаһандық желілерді орнатуда, қызмет көрсетуде қажет терең білімді меңгерген; Cisco жабдықтарымен, оның ішінде маршрутизаторлармен, коммутаторлармен, дыбыстық шлюздермен, желіаралық экрандармен және басып кірудің алдын алу жүйесімен жұмыс істеуде озық машықтары бар. Сонымен қатар, SQL Server дерекқорын басқару жүйесін әкімшіліктендірудің озық деңгейін меңгерген.

2012 жылға арналған жоспар

1. Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын (БАБО) әрі қарай дамыту шеңберінде Зияткерлік мектептерді автоматтандыру, оның ішінде электрондық құжат айналымы жүйесін, материалдық-техникалық құралдарды есепке алу және бақылау жүйесін, бюджеттеу жүйесін, сатып алу жүйесін, БАБО-ның қолданыстағы функционалын әзірлеу, жаңарту жүйесін құру.
2. 2012 жылы іске қосылатын Зияткерлік мектептерді шағын телестудиямен, көшірме-көбейткіш кешенмен, кітапхана жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етумен қосымша жабдықтау.
3. Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектептің 2008 жылы алынған және 2012 жылы кепілдік мерзімі аяқталатын компьютерлік техника паркін ауыстыру.
4. Білім беру бағдарламалары орталығы мен Педагогикалық өлшемдер орталығын компьютерлік, интерактивті, перифериялық жабдықтармен және лицензиясы бар бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтау.
5. Филиалдарды сұраныстарына сәйкес компьютерлік және перифериялық құралдармен қосымша жабдықтау.
6. Зияткерлік мектептердің IT мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.



11-ТАРАУ.

ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ

11.1. Педагогикалық шеберлік орталығы

Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі кеңейтілген мәжілісінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін көрсету туралы тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ДБҰ тәжірибесін тарату, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және даярлау жүйесін дамыту, Педагогикалық шеберлік орталықтарын (бұдан әрі-ПШО) құру жөніндегі концептуалдық тәсілді мақұлдады.

Жоба жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің біліктілігін халықаралық үздік практикаға сәйкес арнайы әзірленген деңгейлік оқыту бағдарламасы бойынша арттыруды ұйымдастыруды қарастырады.

Бағдарламаға келесі модульдер енеді:

- Білім берудегі жаңа тәсілдер;
- Сыни ойлауға үйрету;
- Оқыту мен оқу нәтижесін критерийлік бағалау;
- Оқыту тәсілдерін жетілдіру үшін АКТ және сандық жүйені қолдану;
- Талантты және дарынды балалармен жұмыс істеу;
- Оқушылардың нақты жас тобында сабақ берудің психология-педагогикалық ерекшеліктері;
- 12 жылдық оқуға ауысу жағдайындағы орта білім беру менеджменті және көшбасшылық.

Дербес білім беру ұйымы оқыту бағдарламасын әзірлеу жөніндегі мәселелерді шешу үшін Кембридж университетінің өкілдерімен бірнеше кезеңде келіссөздер жүргізді. Нәтижесінде Кембридж университетімен 2011 жылғы 11 қарашада ПШО білім беру бағдарламаларын, тренерлер мен бағалаушыларды даярлау, бағалау жүйесін бірлесіп әзірлеу туралы №2011-099 келісімшартқа қол қойылды.

2011 жылғы қараша айынан бастап Педагогикалық шеберлік орталығы құрылды (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №0567457), іске қосылған Зияткерлік мектептерде 1 желтоқсаннан бастап бес педагогикалық шеберлік шағын-орталықтары ашылды.

Астана қаласындағы Зияткерлік мектептерде қазақстандық педагогтардың сұранысын анықтау мақсатында зерттеу жүргізу үшін Кембридж университетінің сарапшыларымен бірге зерттеу жұмысы жүргізілді. Оқыту бағдарламасын әзірлегенде осы зерттеудің нәтижелері, мұғалімдерді Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеу нәтижелері, республикадағы практиканы талдау ескеріледі.

Жүргізілген зерттеу келесі оң және теріс аспектілерді көрсетті:

Оң аспектілер:

- Мұғалімнің беретін пәнінің мазмұнын білуі
- Сыныпты басқару және оқу процесін нақты ұйымдастыру
- Түрлі әдістемелік, оқу жаттығулары мен тапсырмаларын қолдану
- АКТ қолдану (проектор, интерактивті тақта, ноутбуктер)
- Оқушыларды сұрақ-жауаптың көмегімен оқу процесіне араластыру
- Мұғалімдер математиканың жалпы ұғымын және математикадан сабақ беруді меңгерген
- Балалар топ болып шағын тапсырмалармен жұмыс істейді және практикалық жұмысты орындайды
- Мұғалім бағалайды және оқушыларға сабақтың қойған міндеттері мен мақсаттарын сәтті орындағаны туралы ақпарат береді
- Міндеттердің сәтті орындалғанын бағалау.

Теріс аспектілер:

- Мұғалімнің жұмысы білімді таратуға бағдарланған және репродуктивтік сипатта
- Оқу процесін тек мұғалім ғана басқарады
- Әдістемелік және оқу жаттығулары материалды қайта өндіруге бағытталған және балалардың түсінуі мен ойлауын дамытуға жәрдемдеспейді
- Сыныптарда АКТ шектеп, біржақты қолдану (негізінен көрнекі құрал ретінде)
- Оқытуға бейдифференциацияланған тәсіл. Барлық оқушыларға бірдей тәсілдер қолданылады.
- Математиканы оқыту негізінен алгоритмдік сипатта және концептуальдық түсінік қалыптастырмайды, оқытудың тиімді әдістерінің дамуына көмектеспейді.
- Бастамашы - мұғалім, оқушы тек қана жауап береді, мұғалім ғана кері байланыс орнатады.
- Сабақ беру әдістері жабық және сынамаалар мен қателер арқылы оқытуға жәрдемдеспейді.

- Бағалау жүйесі даму мен оқытуға әсер етпейді.

Кембридж университетінің сарапшылары зерттеу қорытындысы бойынша келесі ұсынымдарды ұсынды:

- Педагогтарды оқытуға арналған жаңа тәсілдер (білім берудегі менеджмент және көшбасшылық)
- Сыни ойлауға үйрету
- АКТ қолдану
- Критерийлік бағалауға үйрету
- Талантты және дарынды балалармен жұмыс істегенде жас ерекшеліктерін ескеру.

Кембридж университеті тәсілінің негізгі принципі оқыту процесін академиялық зерттеуге негізделген, бұл мұғалімде бар тәсіл жиынына бірнеше жаңа стратегияларды қосу арқылы оқыту жүйесін өзгертуге көмектеспейтінін көрсетті. Педагогикалық практикаға жаңа идеялар, өзгерістер енгізу үшін нақты мектептегідей жағдай жасалуы керек. Яғни бағдарламаның қажетті шарты - қашықтықтан оқыту кезеңіндегі мектептегі практика.

Сарапшылардың жүргізген зерттеулері мен жасаған ұсыныстарын ескеріп жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған тренингілер бағдарламасы келесі деңгейлерге бөлінеді:

- 3-деңгей, базалық - облыстық Біліктілік арттыру институтында (обл.БАИ), Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын Республикалық институтында (бұдан әрі-БЖБАРИ), ПШО-да;
- 2-деңгей, орта - БЖБАРИ-да, ПШО-да;
- 1 -деңгей, ілгерілі - ПШО-да.

Әрбір деңгей барлық модульдер енетін және аудиторияда (бетпе-бет) 2 ай бойы, қашықтықтан (онлайн) 1 ай бойы оқытуды қарастыратын бірыңғай оқыту бағдарламасы ретінде болып саналады.

Әзірленген бағдарламаның негізінде келесі оқу ресурстары дайындалды:

- Тренерлерге арналған нұсқаулық
- Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
- Виртуалды білім беру кеңістігіндегі құрылымдандырылған оқу материалдары (VLE);
- Курс алдындағы тапсырмаларды орындауға арналған нұсқаулық.

Курсты ұйымдастыруға 286 тренер (барлық 286 тренер - 3-деңгей үшін, 126 тренер - 2-деңгей үшін және 78 тренер - 1-деңгей үшін) таңдап алынды.

Тренерлікке үміткерлер әзірленген критерийлерге сәйкес әңгімелесуден өтті.

Курс өткізу барысында тәуелсіз бағалаушылармен тренерлерді бағалау және оларды оқыту аяқталған соң тренерлерге Кембридж университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектебінің сертификаты беріледі.

Тренерлер мен мұғалімдерді тәуелсіз бағалауды ұйымдастыру үшін Бағалау моделі әзірленуде және 25 бағалаушыны даярлау жоспарлануда, олар педагогтарды бағалау және оларға курс қорытындысы бойынша жалақысын көбейту құқығын беретін біліктілік беру бойынша болашақ құрылымның негізін қалайды.

Назарбаев университеті Білім беру факультетінің магистратурасында 1-деңгей курстарында алған кредиттерді ескеру де жоспарлануда, бұл ілгері мұғалімге магистр дәрежесін алу мүмкіндігін тудырады.

Педагогикалық шеберлік орталықтарының даму тұжырымдамасы (жоба) осылай аталатын кітапшамен бірге жарық көрді (таралымы 500 дана) және 2011 жылғы тамыз айында өткізілген Республикалық педагогикалық форумға қатысушыларға тарату үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберілді.

2011 жылғы тамыз айында Назарбаев Университеті Сенатында Республикалық Форумның бір секциясының мәжілісі болды (секция модернаторы ретінде дербес білім беру ұйымы болды). Мәжіліске Кембридж университетінің өкілі Джерри Делейни, облыстық БАИ басшылары, Зияткерлік мектептердің шетелдік мұғалімдері қатысты. Қатысушылар республика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру саласындағы негізгі бағыттармен танысты. Өзекті мәселелерді талқылады.

Астана қаласында 5 - 6 желтоқсан күндері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Мұғалімді кәсіби дамыту: дәстүрлер мен өзгерістер» тақырыбында халықаралық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты - халықаралық озық практикаға сәйкес қазақстандық мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту мәселесін талқылау; Педагогикалық шеберлік орталықтарының басымдықтарын анықтау және Зияткерлік мектеп тәжірибелерін тарату.

Конференцияға қазақстандық ғалымдар мен практиктер, Ресейдің, Ұлыбританияның, АҚШ, Нидерланды, Канада, Жапонияның педагогикалық қоғамдарының өкілдері қатысты.

Зияткерлік мектеп педагогтары мастер-класс өткізді. «Мұғалімнің кәсіби дамуы: серіктестік территориясы» көрмесі ұйымдастырылды.



11.2. Онлайн сабақтар мен семинарлар

Зияткерлік мектептердің қызметі тәжірибесін тарату мақсатында 2011 жылғы 1 қыркүйектен бастап жалпы білім беретін мектептердің оқушылары үшін онлайн сабақтар және мұғалімдеріне арнап онлайн семинарлар өткізді. Жобалар мектептерде сабақ беру сапасын арттыруға бағытталған.

Сабақтар математика, физика, химия, биология пәндерінен өткізіледі. Семинарлар «Критерийлік бағалау» тақырыбында өткізіледі. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін онлайн сабақтар мен семинарлар өткізу туралы арнайы ережелер әзірленді. Семинар мен сабақтарды Зияткерлік мектептің мұғалімдері жүргізеді.

Сабақтардың мазмұны оқушылардың білімін, іскерлігі мен машықтарын кеңейтуге, тереңдетуге бағытталған. Сонымен қатар лабораториялық, практикалық сабақтар өткізіледі, күрделі тапсырмаларды шешу жолдары көрсетіледі.

Семинар мазмұны жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне педагогикалық жаңа технологияларды оқытуға бағытталған.

Онлайн сабақтар мен семинарлар Eluminate Live бағдарламалық қамтамасыз ету базасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің порталы арқылы ELP (elp.kz) өткізіледі. Бұл бағдарлама әлемдегі 150-ден астам елдерде қолданылады және Иллинойс, Айова, Питсбург, басқа да университеттерде қашықтықтан оқыту кезінде сәтті қолданылуда. Сабақ өткізіп болғаннан кейін, сабаққа қатысқан қатысушылар онлайн режимінде сұрақ қоя алады. Қатысушыларға әрбір сабақта үй тапсырмасын орындау ұсынылады.

Сабақтар мен семинарлардың барлық материалдары (бейнефрагменттер, тәжірибелер, презентация) <http://moodle.nis.edu.kz/> мекенжайы бойынша порталға енгізіледі, оған жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен оқушылары өздерінің ұсыныстары мен сұрақтарын жібереді.

2011 жылы 160 онлайн сабақ және 17 онлайн семинар өткізілді.



2012 жылға арналған жоспар

1. 2012-2013 оқу жылында «Сыни ойлау» тақырыбына онлайн семинарлар өткізу.
2. Элективті курстардың бағдарламаларын әзірлеу.
3. Онлайн сабақтар мен семинарларды бағалау бойынша критерийлерді әзірлеу.



12-ТАРАУ.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің жиырма зияткерлік мектебі» жобасын жүзеге асыру арқылы оқушылардың зияткерлік қабілетін дамыту және орта білім жүйесін жетілдіру жөнінде қойған міндеттерін шешу мақсатында Дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы әзірленді және ол Қамқоршылық кеңестің №4 хаттама 2011 жылғы 29 қарашадағы шешімімен мақұлданды.

Көрсетілген стратегиялық құжаттарға сәйкес дербес білім беру ұйымының қаражатын жоспарлау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Зияткерлік мектептерді жобалау және салу;
- Жұмыс істеп тұрған және жұмысқа жаңадан қосылатын Зияткерлік мектептерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- Білім мазмұнын анықтау;
- ХБ білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- Тәжірибелік білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру;
- Жинақталған тәжірибені тарату;
- Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу;
- Оқу процесін әдістемелік сүйемелдеу;
- Педагогикалық кадрларды қызметтік пәтермен қамтамасыз ету.

2011 жылы аталған шараларды жүзеге асыру республикалық бюджет пен ата-аналар төлемі қаражатының есебінен жүзеге асырылды.

Дербес білім беру ұйымында бюджетті жоспарлау, орындау, нақтылау, түзету Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына, Қазақстан Республикасының «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектебі» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

Дербес білім беру ұйымның бюджетін Қамқоршылық кеңес бекітеді.

Қаражатты нысаналы пайдалану, тиімді жоспарлау және шешімді дер кезінде қабылдау мақсатында дербес білім беру ұйымында ақшалай қаражаттың қозғалысына жүйелі түрде мониторинг жүргізіледі. Бюджетті жоспарлау және орындау процесін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Дербес білім беру ұйымында бухгалтерлік есеп «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы заңына сәйкес жүргізіледі. Бухгалтерлік операциялардың дұрыстығы, үздіксіздігі, толықтығы, жүйелілігі, сақтығы, маңыздылығы - бұл есепке алу саясатында бейнеленген бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің негізгі параметрлері. Ұйымның есеп беру жылындағы қаржылық қызметі конкурстық сатып алу шараларына сәйкес таңдалған консалтингтік фирманың аудиторлық тексерісінен өтті. Аудит аяқталғаннан кейін қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қабылдады, содан кейін дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі бекітті.

Есеп беру жылында орталық аппарат пен филиалдардың бухгалтерия бөлімінің қызметкерлері Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес біліктілік арттыру курстарынан өтті. 2011 жылы бухгалтерияның 3 қызметкері емтиханды сәтті тапсырды және сертификат алды. 2012 жылы ҚЕХС (Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары) бойынша сертификат алу үшін оқу жалғасады.

13-ТАРАУ. ИМИДЖДІ НЫҒАЙТУ

Дербес білім беру ұйымының сауда белгісі немесе имиджі (brand building, branding) - тұрақты және қуатты оң коммуникацияларға ие, тек осы тауарға тән атаулар мен дизайнда белгіленген тауардың интеллектуальдық бөлігі.

Сауда маркасын басқару жүйесінде ұйымның ұсынатын қызметінің барлық мәні мен құндылығын беретін ұйымның логотипі маңызды элемент болып табылады.

13.1. Дербес білім беру ұйымының логотипі

Логотип (грек тіліндегі LOGOS және TYPOS сөзбе-сөз аударғанда СӨЗ және ТАҢБА) - атауды ерекше шрифтпен кескіндеумен үйлескен графикалық символ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы № 452 қаулысымен Зияткерлік мектеп желісі қызметін құру және қамтамасыз ету, білім беру саласына инновациялық технологияларды енгізу үшін «Өркен» акционерлік қоғамы құрылды. Акционерлік қоғамның логотипі өскін түрінде бейнеленген, онда «Ө» әрпі - акционерлік қоғам атауының алғашқы әрпі белгіленген.

7-сурет. Бұрынғы логотип



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы №532 қаулысына сәйкес «Өркен» акционерлік қоғамы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» акционерлік қоғамы болып өзгертілді.

Білім берусаласындағы қазіргі басқару формасын енгізу, инновациялық білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін қажет автономиялық пен академиялық бостандықты дамыту үшін арнайы Заң қабылданды, оны жүзеге асыру үшін «Назарбаев Зияткерлік мектебі» акционерлік қоғамы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымы болып қайта құрылды.

Мұның бәрі логотиптің графикалық кескінін қайта қарастыруды талап етті.

2011 жылы дербес білім беру ұйымы жаңа логотипті әзірлеу бойынша жұмыс жүргізді. Дербес білім беру ұйымымен жаңа логотипті әзірлеу үшін шетелдік және отандық тәжірибелер зерттелді, ұйымдардың логотипін әзірлеу бойынша нарыққа талдау жүргізілді.

Тиянақты талдау және талқылау жүргізілгеннен кейін жаңа логотип әзірленді.

8-сурет. Жаңа логотип



Жаңа нұсқадағы логотиптің графикалық символы компанияның ағылшын тіліндегі атауының бірінші әріптері (NIS - Nazarbayev Intellectual Schools) мен жасыл түске боялған өскінді кескінінің негізінде құрылды. Жасыл түс өмір түсу болып есептеледі, ал оның графикалық белгімен үйлесуі Бастау мен Өркендеудің символын береді. Компания атауының бірінші әріптері үшін Сенімділік, Кемелдік, Қалыптасуды бейнелейтін қызыл-қоңыр түсті қола түсі таңдалды.

Жаңа логотиптің графикалық жолдауы: «өсудің бастауынан кемелдікке».

Графикалық және мәтіндік белгілер логотиптің мәтіндік жазуының жоғарғы жағынан орналастырылған. Логотиптің барлық үш бөлігі де логотиптің ажырамас бөлігі және белгілі бір жағдайлардан басқа бірге пайдаланылады (имиджингілік өнімді пайдалану және т.б.).

Жаңа логотипті пайдалану мәселесін реттеу үшін Басқарманың 2011 жылғы 8 желтоқсандағы №28 шешімімен Фирмалық стильді (Лого-бук) пайдалану жөніндегі басшылық бекітілді. Бұл Басшылыққа сәйкес имиджингілік өнімнің дизайны әзірленді.

Жасыл түспен боялған өскінді бейнелеу негізінде дербес білім беру ұйымының қызметкерлері үшін белгі дизайны әзірленді. Қызметкерлердің бұл ерекше белгісі ұйымның фирмалық стилінің дамуына екпін береді, себебі ұйым қызметкерлерінің имиджі - бұл ұйымның өзінің имиджі болып табылатыны сөзсіз.

9-сурет. ДБҰ қызметкерлеріне арналған белгі

13.2. Ақпараттық қолдау

Брэндті тарқату кезінде ұйым ішіндегі және одан тыс та ақпараттық жүйе маңызды рөл атқарады. Ақпарат маңызды объект, ол фирмалық стильге оң да, теріс те ықпал ете алады. Ақпаратты еппен басқару брэндтің дамуына оң әсер етеді.

Интернет-ресурстарда және басқа да БАҚ-тарда бірыңғай ақпараттық блокты пайдалану туарлық белгіге, фирмалық стильге және т.б. оң әсер етеді. Бұл дербес білім беру ұйымы туралы түрлі ақпаратты қолданбау үшін, адамдарда біз туралы қандай да бір ақпаратты естігенде, не көргенде оң көзқарас қалыптасуы үшін қажет.

Есепті кезең ағымында дербес білім беру ұйымы және/немесе оның филиалдары туралы газет-журналдағы мақалаларға, телебағдарламаларға, интернет-хабарламаларға мониторинг жүргізілді. Мониторинг жүргізу біріншіден, ұйым туралы нақты бір ақпаратқа дер кезінде жауап беру үшін, екіншіден, БАҚ-пен бірге жүргізілетін жұмыс стратегиясын анықтау үшін қажет, яғни ұйым туралы оң не теріс ақпарат кескінінде деректерді қалыптастыру БАҚ өкілдерімен жұмысты қандай бағытта жүргізу керектігін, қандай БАҚ-тарға баса назар аудару керектігін, қандай БАҚ өкілдерімен тығыз жұмыс істеу керектігін анықтауға мүмкіндік береді.

БАҚ-тың көмегімен халыққа ұйым қызметі туралы (білім күні, ашық есік күндері, мұғалімдер күні, Наурыз оқулары, мектептің ашылуы туралы жаңалықтар, мектеп құрылысы туралы жаңалықтар, т.б.) хабар тарату ұйымдастырылады. Дербес білім беру ұйымы БАҚ-қа міндетті түрде пресс-релиздер, пресс-пакеттер дайындайды. Есепті кезеңде республикалық және облыстық газеттерде мақалалар жарияланды, телеарналарда бейнесюжеттер, шолу бағдарламалары көрсетілді.

Ақпараттандырудың негізгі әдістері - газет-журналдарға мақала жазу, телеарнада сөз сөйлеу, сайтты ақпараттық толықтыру.

Ұйым бірнеше БАҚ-пен ынтымақтастық орнатқан, оның ішінде:

1. «Казинформ», «КазТаг» ақпараттық агенттіктер;
2. «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Литер», «Алаш айнасы», «Жас қазақ» республикалық газеттері;
3. Астана қаласының «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттері;
4. РТРК «Қазақстан» (облыстық филиалдар), «Хабар», «7 канал», «Астана» телеарналары;

5. Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасы, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының телеарналары.

6. «Алатау», «Огни Алатау» (Алматы облысы), «Букпа», «Мобильная», «Степной маяк», «Акмолинская правда» (Ақмола облысы), «Дидар», «Устинка» (Шығыс Қазақстан облысы) аймақтық газеттері.

Дербес білім беру ұйымы қоғамдық маңызды шараларға, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған шаралар сияқты саяси маңызды оқиғаларға назар аударып, азаматтық белсенді ұстанымды ұстанады. Ұйымның бірінші басшылары, сондай-ақ қызметкерлері мақала жазады, сұхбат береді.

Дербес білім беру ұйымның қызметінен хабардар ету шеңберінде жылдың басынан республикалық және облыстық БАҚ-тарда 31 мақала мен жаңалықтар жарияланды, телеарналарда 18 бейнесюжет көрсетілді. Материалдарда ұйым қызметі туралы жазылған, көрсетілген кезеңдегі оң жетістіктері жеңіл оқылатын формада берілген.

2011 жылғы ақпан айында пресс-конференция өткізілді. Пресс-конференция жұмысына «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Вечерняя Астана», «Алаш айнасы», ақпараттық агенттіктердің - «Казинформ», ақпараттық бейнепортал - «stan.kz», телеарналардың - «Хабар», «Казахстан», «СТВ» өкілдері қатысты.

Пресс-конференцияның қорытындысы бойынша жаңалық сипаттағы 10 мақала жарияланды, 3 жаңалық репортаж эфирге шықты, «Хабар» агенттігінің «Үкімет пен әлеумет» бағдарламасында 4-минуттық аналитикалық бейнеролик көрсетілді.

2011 жылғы қарашадареспубликалықжәнеаймақтықБАҚ-тыңбілімтақырыбындақаламтербейтін журналистерімен кездесу өтті. Кездесуде Басқарма мүшелері мен жетекші департаменттердің басшылары сөз сөйлеп, ұйым қызметі туралы ақпарат берді. Кездесуге «Евразия» бірінші арна, «Хабар» агенттігі, «Қазақстан» ТК, «Казинформ», «КазТАГ», «BNews» ақпараттық агенттіктерінің, «Казахстанская правда», «Егемен Казакстан», «Ана тілі», «Страна и мир» газеттерінің өкілдері қатысты.

Кездесу нәтижесінде журналистердің нақты пулы қалыптасты, ұйым имиджін медиа сферасында қолдау және дұрыс орналастыру бойынша ынтымақтастықты жалғастыру жоспарлануда.

Сонымен қатар БАҚ-пен өзара ынтымақтастық жұмысы ДБҰ-ның барлық филиалдарында жүргізілуде.

Жылдың басынан бері аймақтық басылымдарда 64 мақала жарияланды, 14 радиохабарлама, телеарналарда 16 бейнесюжет көрсетілді. Газеттерде мектеп өмірі туралы хабарды негізінен Зияткерлік мектеп оқушылары жариялағанын айта кету керек. Виолетта Шварцтың белсенді көзқарасы мен ұшқыр қаламы - жастар арасында өткізілген республикалық конкурста бағаланып, жүлделі орынды иеленді.

13.3. Интернет ресурс

Дербес білім беру ұйымының интернет-ресурсы сауда маркасын басқаруда маңызды элемент болып табылады. Сайттың үздік дизайнын, құрылымы мен мәтіндік мазмұнын қолдану

қызметпен танысуға, оның орналасқан жері (орналасқан жерінің схемасы) туралы, жұмыс істеп жатқан Зияткерлік мектептің мекенжайы туралы білуге мүмкіндік береді.

Қоғамды ақпараттандыру жүйесін жетілдіру мақсатында 2011 жылы ұйымның сайты жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді, сайт адресі www.nis.edu.kz болып өзгертілді.

Ресми сайттың дизайны, құрылымы мен мәтіндік мазмұны өзгертілді. Сайт тарауларында ұйым қызметі, оның құрылымы туралы ақпарат берілген. Сайттан Зияткерлік мектепке қабылдау тәртібінің толық нұсқасын алуға, ұйымның құқықтық актілерімен танысуға, Зияткерлік мектептер мен серіктестерінің Интернет-ресурстарын көруге болады. Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін жаңалықтар «жүгіртпе жол» форматында ұсынылған, маңызды жаңалықтар туралы хабарландыру - құжат қабылдаудың басталуы, конкурстық іріктеу, тестілеу нәтижелері «Хабарландыру» айдарында жарияланады, алғашқы бетте Зияткерлік мектепке қабылдау тәртібінде көрсетілген мерзім көрсетіледі. «Сұрақ-Жауап» интерактивті айдарда барлығының сұрақ қоюына және оған жауап алуына, жеке ұсыныстар жасауына болады. Сондай-ақ «Резюме қабылдау» актив баннері орналастырылған, бұл ұйым филиалдарында, орталық аппаратта бос лауазымға үміткерлерден резюме қабылдауға мүмкіндік береді. Сайтты ақпараттық толықтыру жұмысы, мәтіндік мазмұнды көкейкесті ету күнделікті жүргізіледі, сұранысқа ие контентті берудің тиімді жүйесі бар.

Қоғамды ақпараттандыру жүйесін дамыту мен оңтайландыру, ұйым мен қоғам топтары (ішкі және сыртқы коммуникация) арасындағы ақпараттық лекті басқару үшін дербес білім беру ұйымның барлық күші жұмсалуда.

2012 жылға арналған жоспар

«Ауызекі» түрде басқару жүйесі орнатылатын болады, яғни ұйым туралы ақпаратты мәтін немесе слайд түрінде дайындап, ол бірдей көлем мен бірдей түрде тұрғындарға жеткізілуі тиіс. Бұл жүйеде қажетті ақпаратты тарататын ұйым қызметкері басты рөл атқарады.

Ұйым қызметінің жариялылығы мен ашықтығын, БАҚ-қа толық ақпараттық материалдарды ұсынуды, пресс-релиздер мен пресс-пакеттерін уақтылы дайындалуын, ұйым басшыларының БАҚ өкілдерімен тұрақты қарым-қатынаста болуын, жағымсыз ақпараттардың таралуына уақтылы кері ақпарат беру, газеттерде, журналдарда мақалаларды жариялау, телеарналарда сөз сөйлеуді көздейтін БАҚ-пен жүйелі жұмыс жасау жүзеге асырылуы жоспарлануды.

Дербес білім беру ұйымы нәтижелі жұмыс жасауды әрі қарай жалғастырып, келешекте БАҚ-пен ынтымақтастық шеңберін кеңейте береді, мұны халықтың басым бөлігін ақпаратпен қамтамасыз ету механизмі ретінде қарастырылады.

Сайт құрылымы мен дизайнын фирмалық стильге, ұйымдастыру формасына т.б. сәйкес жетілдіру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Ұйым имиджін дамыту үшін дербес білім беру ұйымында корпоративтік басқару принциптерін енгізу бойынша жұмыс жүргізіледі. Қазіргі таңда Қазақстанда корпоративтік басқару принциптері акционерлік қоғамдарға үлкен танымалдықпен енгізілген. Дербес білім беру ұйымдарының ұйымдастырушылық формасында заңды тұлға жаңа институт болып табылғандықтан, ұйымға корпоративтік басқару принциптерін енгізу үшін басқа елдердің тәжірибесі зерттеледі, дербес білім беру ұйымы үшін корпоративтік басқарудың кейбір принциптерінің (Корпоративтік басқару кодексін әзірлеу, корпоративтік хатшы институтын енгізу және т.б.) жарамдылығына талдау жүргізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дербес білім беру ұйымның 2011 жылғы қызметінің нәтижелерін қорытындылай келе, білім беру мазмұнын анықтау, педагогикалық кадрларды дамыту, оқушылармен жұмыс жасау, білім беру сапасын бағалау жүйесі, Зияткерлік мектептер желілерін құру және дамыту, ұйым имиджін жоғарылату бойынша тиімді жұмыс атқарылды деуге болады.

Дербес білім беру ұйымы 2011 жылы келесі көрсеткіштерге қол жеткізді:

- Тәжірибелік ықпалдасқан білім беру бағдарламасының негізгі ережелері әзірленді;
- 9 тәжірибелік ықпалдасқан оқу бағдарламасы әзірленді;
- Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасы талаптарын ескере отырып 23 оқу бағдарламасы әзірленді;
- Халықаралық Бакалавриат «кандидат мектеп» атағы алынды;
- халықаралық білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды;
- Педагогикалық шеберлік орталығы және Зияткерлік мектептер негізінде 5 шағын орталық ашылды;
- «Мұғалімнің кәсіптік дамуы: дәстүрлер мен өзгерістер» атты Халықаралық конференция өткізілді;
- Зияткерлік мектептерге халықаралық деңгейдегі 35 шетелдік педагог жұмысқа қабылданды;
- Зияткерлік мектептің 100 мұғалімі Назарбаев университеті University College London (UCL, Ұлыбритания) бірге әзірлеген бағдарламалар бойынша оқиды;
- Зияткерлік мектептер ішінде 1795 мұғалім оқу курсынан өтті, 3358 мұғалім ел ішіндегі оқу курсынан өтті, 195 оқытушы - шетелде курстан өтті;
- Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың оқушыларына арналған Зияткерлік мектептердің білім беру формаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Демалыс және Виртуалды мектептер жобалары жұмыс істейді;
- жыл бойы білім беру сапасына мониторинг жасау және бағалау құралдары мен технологияларын байқаудан өткізілді, енгізу 2012 жылға жоспарланды;
- мұғалімдердің жұмыс орындары 100%-ға компьютерлік және интерактивті құралдармен жабдықталған;
- 6 Зияткерлік мектеп жұмыс істейді, Зияткерлік мектептер желісі белсенді түрде құрылуда;
- 2011 жылғы 1 қыркүйектен бастап жалпы білім беру мектептердің жоғары сынып оқушыларына арналған математикадан, химиядан, физикадан және биологиядан «online сабақтары» жобасы жүзеге асырылуда;
- 2011 жылғы 1 қыркүйектен бастап жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған «online семинарлары» жобасы жүзеге асырылуда;
- Ұйым сайтында математика, физика және химия пәнінің мұғалімдеріне арналған бөлімдер құрылды.



«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

Қазақстан Республикасы
Астана қ., 010000
Қабанбай батыр даңғылы 53
«Назарбаев Университеті» ғимараты 3-блок, 2-қабат
Тел.: 8 (7172) 70-57-29

www.nis.edu.kz

